

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі сауда саясаты тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 қарашадағы № 1013 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі сауда саясаты тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар және өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынып тұрсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 15 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты жіберіп тұрсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 27 қарашадағы
№ 1013 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі сауда саясаты тұжырымдамасы

1-бөлім.	Тұжырымдаманың паспорты	2
2-бөлім.	Ағымдағы жағдайды талдау	3
2.1.	Ішкі сауда	4
2.2.	Сыртқы сауда	12

3-бөлім.	Халықаралық тәжірибеге шолу	17
3.1.	Сауда инфрақұрылымы	18
3.2.	Электрондық сауда	18
3.3.	Сауданы цифрландыру	19
3.4.	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау	20
3.5.	Ішкі нарықты қорғау және тауарлардың сапасын арттыру	21
3.6.	Экспортты ілгерілету	22
3.7.	Кооперацияны дамыту	23
4-бөлім.	Сауда саясатын дамыту пайымы	23
5-бөлім.	Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері	24
1-бағыт.	Заманауи сауданың экожүйесін қалыптастыру	25
2-бағыт.	Отандық өндірістің өсуі және экспортты ілгерілету үшін жағдай жасау	34
3-бағыт.	Тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты қорғау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру	41
6-бөлім.	Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер	47
Қосымша.	Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі сауда саясаты тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары	

1-бөлім. Тұжырымдаманың паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі сауда саясаты тұжырымдамасы
Өзірлеу үшін негіздер	Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Өділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 7-тармағы; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 21-06/Б-4 тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғариннің 2025 жылғы 5 сәуірдегі № 21-06/Б-4-1 тапсырмасы
Өзірлеуші мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі

Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
	Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
	Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі
	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
	Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
	Жергілікті атқарушы органдар
Іске асыру мерзімдері	2025 – 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінгі күні сауда саласы тұрақты өсуді қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының экономикасында басты рөл атқарады және жоғары жалпы қосылған құнды қалыптастырады. 2015 – 2024 жылдар кезеңінде жалпы ішкі өнімдегі (бұдан әрі – ЖІӨ) "Сауда" секторының өсуі ағымдағы бағаларда 1,5 есеге жуық ұлғайды, бұл баға факторларын ескергеннің өзінде сауда секторының тұрақты кеңейгенін растайды.

2024 жылы "Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу" секторында жалпы қосылған құн көлемі жалпы ЖІӨ-нің 19 %-ын құрап, 26 007,1 млрд теңгеге жетті.


Сауда жұмыспен қамту деңгейі бойынша алдыңғы қатарда. 2024 жылы 1,5 миллионнан астам адам сауда саласында жұмыс істеді, бұл еліміздегі барлық жұмыспен қамтылғандардың 16,6 %-ын құрайды. Соңғы он жылда (2015 – 2024 жылдар) осы салада 228 мың жаңа жұмыс орны құрылды. 2024 жылы сауда саласы секторында

806,4 мың бизнес-субъект тіркелген, олардың үлесі Қазақстандағы барлық кәсіпорындардың 35,6 %-ын құрайды. Айтарлықтай жоғары үлес саланың одан әрі серпінді дамуын және жұмысқа орналастырудың өсуіне мүмкіндіктер туғыза отырып, кәсіпорындар санының ұлғаюын көрсетеді.

Бұл сауданы кәсіпорындардың саны бойынша ауыл шаруашылығы, құрылыс, өзге де көрсетілетін қызмет түрлерін ұсыну және білім беру сияқты салалардың барлығын қоса ала отырып, салыстыруға болатындай шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) ірі секторына айналдырады.

2.1 Ішкі сауда

2024 жылы ішкі тауар айналымы 9,4 %-ға өсіп, 70,7 трлн теңгені құрады. Айналымның негізгі бөлігі 66,7 % көтерме саудаға, ал 33,3 % бөлшек саудаға тиесілі.



1-сурет. Ішкі сауда (2015 – 2024 жылдар), трлн теңге

Қазақстанда сауда қызметінің шоғырлануы өңірлер бойынша айтарлықтай өзгеріп тұрады, бұл ретте сауданың негізгі орталықтары елдің ірі қалаларында шоғырланған. Көтерме сауданың ең көп үлесі Алматы қаласына тиесілі, ол жалпы көлемнің 36,6 %-ын алады, бұл дамыған инфрақұрылымға және жоғары іскерлік белсенділікке негізделген. Екінші орында еліміздің елордасы Астана қаласы 17,1 % көрсеткішімен тұр. Үшінші орында Атырау облысы 14 % үлесімен, бұл тауар айналымын ынталандыратын белсенді өнеркәсіптік және мұнай өндіру қызметіне байланысты, ал көшбасшылар тізімінің соңында көтерме саудадағы үлесі 6,4 %-ды құрайтын Қарағанды облысы тұр.

Бөлшек сауда сегментіндегі үрдіс осыған ұқсас: ең ірі үлес те жалпы көлемнің 33,6 %-ы шоғырланған Алматы қаласына тиесілі. Астана қаласы 13,2 %-бен екінші, ал үшінші орында Қарағанды облысы тұр, онда бөлшек сауда 7,5 %-ды құрайды. Шығыс Қазақстан облысы да бөлшек сауданың 5,7 %-ын қамтамасыз ете отырып, елдің сауда айналымында айтарлықтай орынға ие.

Бұл көрсеткіштер Алматы мен Астана сияқты ірі қалалар көтерме, сол сияқты бөлшек сауданы қалыптастыруда негізгі рөл атқара отырып, Қазақстанның негізгі экономикалық орталықтары болып қалатынын көрсетеді. Бұл өңірлерде сауда қызметінің жоғары шоғырлануы дамыған көлік инфрақұрылымымен, халықтың жоғары тығыздығымен, белсенді кәсіпкерлік қоғамдастықпен және тұтынушылар мен инвесторларды көптеп тартатын ірі сауда желілерінің болуымен түсіндіріледі.

Сауда инфрақұрылымы

Сауда инфрақұрылымы халықты тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Алайда, бүгінгі күні сауданың қазіргі заманғы форматтары барлық бөлшек сауданың 40,8 %-ын ғана құрайды, бұл жеделдетілген жаңғырту қажет екенін көрсетеді.

2024 жылы Қазақстан аумағында 78,4 мыңнан астам сауда объектісі тіркелген, олардың жиынтық ауданы 11,2 млн шаршы метрді құрайды. Олардың ең көп саны Алматы (10619), Астана (6107) қалаларында және Қарағанды облысында (5326), ең азы Ұлытау (874) және Атырау (1801) облыстарында орналасқан.

Елде жалпы алаңы 626 мың шаршы метр 7469,4 сауда базары жұмыс істейді, оның 64 % әмбебап базарлар, ал 53,2 %-ы жабық үй-жайларда орналасқан. Базарлардың ең көп саны Түркістан (106) және Алматы (56) облыстарында, ал ең азы Ұлытау (7) және Павлодар (16) облыстарында шоғырланған.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша, елімізде 43 мыңға жуық "үй жанындағы дүкендер" жұмыс істейді.

Қойма қуаттылығының тапшылығы қосымша міндет болып қала береді, ол 60 %-дан асады және жеткізу мерзімі мен логистикалық шығындардың ұлғаюына әкеледі. Елімізде сауда-логистикалық инфрақұрылымның 60 объектісі жұмыс істейді, оның ішінде қуаты мен мақсаты әртүрлі сауда-логистикалық, көлік-логистикалық және көтерме-тарату орталықтары бар.

Бұл объектілер заманауи логистика стандарттарына сәйкес азық-түлік және азық-түлік емес өнімдерді үздіксіз жеткізу, қоймалау, тарату және сақтау тізбегін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Бұдан басқа, 2025 – 2036 жылдар кезеңінде 42 сауда-логистикалық инфрақұрылым объектілерін салу жоспарлануда (Астана қаласы – 2, Шымкент қаласы – 19, сондай-ақ Абай – 2, Алматы – 7, Ақтөбе – 1, Атырау – 1, Шығыс Қазақстан – 2, Жамбыл – 2, Жетісу – 2, Батыс Қазақстан – 2, Қостанай – 1, Түркістан облыстары – 1).

Өнеркәсіптік тауарлар мен құрылыс материалдарын сақтауға арналған құрғақ қоймалар, контейнерлік алаңдар жеке санатқа жатады. Олардың саны 50 бірліктен асады.

Осы мәселелерді шешу және сауданы заманауи форматтарға түрлендіру үшін ішкі сауда қағидалары қабылданды, онда жәрменкелер мен стационарлық емес сауданы қоса алғанда, сауданы жүргізу тетіктері енгізілді. Базарлар, ұсақ бөлшек сауда желілері, қоғамдық тамақтану және электрондық коммерция объектілері үшін стандарттар әзірленді, тауарларды сәйкестендіру және кодтау тетіктері енгізілді, бұл сауданың ашықтығын арттыруға ықпал етеді, ішкі сауда субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын көрсету жөніндегі бағдарлама іске қосылды.

Биржалық сауда

2024 жылы биржалық сауданың жалпы айналымы 1,9 трлн теңгені құрады. Бұл соманың 1,1 трлн теңгесі стандартталған тауарлар саудасына тиесілі, бұл жалпы көлемнің 58,04 %-ын құрайды. Стандартталмаған тауарлар саудасы 823 млрд теңгені немесе 41,96 %-ды құрады.

Қазақстанда 9 тауар биржасы лицензияланған, бұл ретте 7 тауар биржасы жұмыс істейді (2 биржа өз қызметін тоқтата тұрды), оларда 9445 сатушы және 8411 сатып алушы тіркелген.

Қазақстандық тауар биржаларында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығымен бекітілген биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлар, олардың ішінде: көмір (тас және қоңыр), бидай, қант, арпа, майбұршақ, картоп, мақта, цемент, сондай-ақ мұнай өнімдері (битум, бензин, дизель отыны, реактивті қозғалтқыштарға арналған отын) сатылады.

Бұл ретте талдау көрсеткендей, стандартталмаған тауарлар айналымы едәуір жоғары және 60 %-ға дейін жетеді. Мұндай тауарлардың бір бөлігін биржалар стандартталған тауарлар ретінде дербес жіктейді және қосарланған жасырын аукцион режимінде өткізеді. Бұл – машина жасау өнімдері, тоқыма бұйымдары, аяқ киім, бас киімдер, химиялық және аралас салалардың өнімдері, сондай-ақ көбінесе жер қойнауын пайдаланушылар сатып алатын өзге де өнеркәсіптік тауарлар.

Биржалық сауданы дамытудағы түйінді шешімдердің бірі "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау болды, ол энергия тасығыштар мен азық-түлік қауіпсіздігі үшін аса маңызды өнімдерді қоса алғанда, әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесін қалыптастыруға бағытталған.

Биржалардың қызметін бақылауды күшейту үшін қатысушылардың қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптарды, мәмілелер мониторингі үшін бот-технологияларды енгізуді, цифрландыру мен IT-инфрақұрылым деңгейін арттыруды, сондай-ақ жосықсыз ойыншылардан лицензияларды қайтарып алу тетігін

қоса алғанда, реттеудің жаңа тетіктері енгізілді. Тауар биржаларын микробизнес субъектілері санатынан алып тастау маңызды қадам болды, бұл олардың қызметінің ашықтығын күшейтті және биржалық сауданың сенімділігін арттыруға ықпал етті.

Сондай-ақ стандартталмаған тауарларды айналымнан шығару бойынша шаралар қабылданды, бұл қалта биржаларын пайдалануды барынша азайтуға мүмкіндік берді. Реттеуді күшейту шеңберінде брокерлер мен клирингтік орталықтарды лицензиялау енгізілді, бұл ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлігінде Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі мен Қаржылық мониторинг агенттігі тарапынан тиімді бақылауды жолға қоюға мүмкіндік берді.

Бұған қосымша "Астана" халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) базасында биржалық сауданы жүзеге асыру үшін нормативтік-реттеуші орта құрылды, бұл Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы мен қаржы хабы ретіндегі халықаралық мәртебесін арттырады. Тағы бір стратегиялық қадам Еуразиялық экономикалық одақ (Бұдан әрі – ЕАЭО) шеңберінде тауарлардың ортақ биржалық (ұйымдастырылған) нарығын қалыптастыру жөніндегі Тұжырымдаманы бекіту болды, бұл қатысушы елдердің интеграциясын тереңдетуге және қазақстандық нарық қатысушылары үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді.

Қазақстандағы биржалық сауда қалыптасу кезеңінен өтті, бірақ ол тиімділігі мен ашықтығын шектейтін бірқатар проблемалармен бетпе-бет келуде. Тауар нарықтарының ашық болмауы, баға белгілеу үшін биржалық индикаторларды жеткілікті пайдаланбау және кәсіпкерлердің биржалық тетіктерге қолжетімділігінің шектелуі негізгі сын-қатерлер болып қалып отыр. Бұдан басқа, келісімшарттардың орындалмау тәуекелі, сауданың әлсіз цифрландырылуы және биржалық деректердің мемлекеттік реттеуші жүйелерге жеткіліксіз интеграциялануы бизнестің биржалық операцияларға деген сенімін төмендетеді.

Электрондық сауда

Қазақстандағы электрондық сауда тұрақты өсуді көрсетіп, экономиканың маңызды сегментіне айнауда. 2020 жылдан бастап нарық көлемі 476,7 млрд теңгеден 2024 жылы 3,2 трлн теңгеге дейін (жедел деректер) 5 есе ұлғайды, ал оның бөлшек саудадағы үлесі 14,1 %-ға жетті. Бұл сектордың өсуі халықтың технологиялық тұрғыдан жоғары жарақталуымен қамтамасыз етіледі: азаматтардың 92,3 %-ы интернет-пайдаланушылар, 90,2 %-ы компьютерлік сауаттылыққа ие, ал цифрлық технологияларға бағдарланған 15-45 жас аралығындағы жастардың саны 8,2 млн адамды құрайды. Қаржылық технологиялардың дамуы да маңызды рөл атқарады, бұл онлайн төлемдерді оңайлатуға және бизнес үшін қаржы құралдарының қолжетімділігіне ықпал етеді.

Электрондық сауда нарығында ұлттық, сол сияқты халықаралық платформалар белсенді жұмыс істейді. Барынша сұранысқа ие отандық маркетплейстердің ішінде – Kaspi.kz, Halyk Market, Forte Market, Jusan Market, сондай-ақ "Teez" қоймада сақтаудан

бір күн ішінде курьерлік жеткізуге дейінгі көрсетілетін қызметтердің толық циклін ұсынады. Сонымен қатар қазақстандық кәсіпкерлерді көптеп тартатын ірі трансшекаралық платформалардың қатысуының өскені байқалады.

Электрондық сауданы қолдау үшін логистикалық инфрақұрылым мен фулфилмент-орталықтар дамуда. Алматы мен Астана қалаларында жаңа объектілер іске қосылды, бірқатар ірі платформалар тапсырыс беру пункттерінің желісін кеңейтіп, заманауи логистикалық орталықтар салуда. Алдағы жылдары осы сегменттегі инвестициялардың өсуі күтілуде, бұл қойма қуатын ұлғайтуға және жеткізу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Электрондық сауданың одан әрі өсуі үшін Электрондық сауда нарығын дамыту жөніндегі 2027 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары (министрдің міндетін атқарушының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 121 бұйрығы) бекітілді, ол логистикалық және төлем инфрақұрылымын дамытуды, кәсіпкерлерді қолдауды және халықаралық платформалармен интеграцияны қамтиды. Алайда оң серпінге қарамастан, сегмент бірқатар сын-қатерлерге тап болуда: логистикалық шығыстардың шектелуі, отандық және шетелдік маркетплейстер арасындағы бәсекелестіктің тең емес жағдайлары, сондай-ақ шетелдік платформалар позицияларының күшеюі, бұл жергілікті ойыншылар үшін тәуекелдер туғызады.

Сауда экожүйесін цифрландыру

Соңғы жылдары Қазақстанда сауданы цифрландыру жұмыс тиімділігінің айтарлықтай ілгерілегенін көрсетіп отыр.

Автоматтандырылған кеден жүйесі жүктерді өңдеудің орташа уақытын бір жүк бірлігіне шамамен 15 минутқа дейін жеткізе отырып, оны 55 %-ға қысқартуға мүмкіндік берді, бұл ретте бақылаудың өткізу қабілеті 40 %-ға өсті.

Сонымен қатар электрондық шот-фактуралар жүйесін енгізу электрондық форматтағы сауда операцияларының үлесін 75 %-ға дейін ұлғайтты және құжаттарды ресімдеудегі қателер санын 35 %-ға төмендетті, бұл мәмілелердің ашықтығы мен жеделдігін айтарлықтай арттырды.

Тауар топтарын өндірушіден не импорттаушыдан тұтынушыға дейін цифрландыруды қамтамасыз ететін "Тауарларды қадағалап отырудың ұлттық жүйесін" (бұдан әрі – ТҚҰЖ) құру маңызды бастама болды. 2025 жылдың басындағы деректер бойынша ТҚҰЖ пилоттық жобасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан әрі – ӘМАТ) 19 позициясын қамтыды, 20 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны және "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ҰК" АҚ-ны қоса алғанда, 1364 заңды тұлға тіркелді, 100 млрд теңгеден астам сомаға шарттар жасалды.

Техникалық реттеу саласында Қазақстан Техникалық реттеудің бірыңғай ақпараттық жүйесін әзірлеудің арқасында елеулі табыстарға қол жеткізді. Платформа

ресімдеу мерзімін қысқарта және рәсімдердің ашықтығын арттыра отырып, мемлекеттік органдар мен нарыққа қатысушылар арасында сертификаттау, бақылау және деректер алмасу процестерін оңтайландырады.

Атқарылған жұмыс сауданың цифрлық инфрақұрылымын нығайтуға, ашықтықты арттыруға және бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер жасауға ықпал етті.

Бұл ретте әлі күнге дейін деректердің алшақтығы, бірыңғай есепке алу жүйесінің болмауы және мемлекеттік ақпараттық жүйелердің әлсіз интеграциясы байқалады, бұл заңсыз импорт, бұрмалау, салықтан жалтару және баға алаяқтығы үшін мүмкіндіктер туғызады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасына шағымдардың өсуі аясында барынша өзекті бола түсуде. 2024 жылы 62561 жолданым тіркелген, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 23 %-ға көп. Шағымдардың басым бөлігі бөлшек сауда (23450 жолданым, 26 %-ға көп), электрондық коммерция (14520 жолданым, +89 %), тұрмыстық көрсетілетін қызметтер (5532 жолданым), тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері (4625 шағым), байланыс қызметтері (2170 жолданым, +4,4 %), қаржылық көрсетілетін қызметтер (2030 жолданым, +1 %), туристік қызметтер (1531 жолданым, +3 %), қоғамдық тамақтану (1430 жолданым, +13 %), медициналық көрсетілетін қызметтер (970 жолданым, +3 %), көлік қызметтері (882 жолданым, +1 %), білім беру қызметтері (877 жолданым, +4,5 %), әуе тасымалдары (119 жолданым) және басқа салалар (4425 жолданым) бойынша келіп түседі.

Жосықсыз кәсіпкерлік қызметтің өсуімен және халықтың тұтынушылық мәдениетінің артуымен уәкілетті органға түсетін жолданымдардың одан әрі өсу үрдісі жалғасатын болады.

Шағымдар санының ұлғаюы реттеуді күшейту және жедел ден қою тетіктерін енгізу қажеттігін білдіреді.

Тұтынушылар тарапынан шағымдардың жыл сайынғы өсуі жүйелі проблемалардың болуын көрсетеді.

Даулы жағдай болған кезде сатушы мен тұтынушы арасындағы жедел өзара іс-қимыл проблемалары бар. Тұтынушылардан бизнес өкілдеріне жолданымдар жіберуге арналған тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қолданыстағы ақпараттық жүйесі оның негізгі мақсатына сай келмейді. Кәсіпкерлердің тұтынушылармен ақпараттық жүйе арқылы өзара әрекеттесуі онда бизнес субъектілерінің ерікті түрде тіркелуі кезінде ғана қамтамасыз етіледі (қолданыстағы "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-3-бабы). Осылайша, жүйеде 950-ге жуық бизнес субъектісі тіркелген, бұл тұтынушылардың сатушыға шағым жіберу мүмкіндігін шектейді.

Электрондық коммерцияның жеткіліксіз реттелуі шағымдардың, әсіресе тауарлардың сапасы мен жеткізу мерзімдеріне қатысты шағымдардың көбеюіне ықпал

етеді. Жосықсыз сатушылардың бірыңғай тізілімінің болмауы олардың қызметін бақылауды қиындатады және қайталама бұзушылықтарға жағдай жасайды.

Бұдан басқа, бизнес жауапкершілігінің төмен деңгейі сақталып отыр, бұл тауарларды таңбалау жөніндегі талаптарды бұзудан, өнімдердің құрамы туралы анық емес ақпарат беруден және қызметтер көрсету шарттарын сақтамаудан көрініс табады.

Осы проблемаларды шешу үшін Заңға тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер жобасы дайындалды, онда Омбудсмен институтын енгізу көзделген, бұл азаматтардың мүдделерін мемлекеттік деңгейде қосымша қорғауды қамтамасыз етеді. Дауларды шешу алгоритмі оңайлатылды, бұл шағымдарды қарауды қолжетімді әрі жедел етеді. Процестерді цифрландыруға айтарлықтай мән беріледі: онлайн-жүйелер арқылы шағым беруді оңайлату көзделген, бұл тұтынушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын едәуір жеңілдетеді. Қоғамдық институттардың рөлі күшейтілді, бұл дауларды қараудың ашықтығын және тұтынушылар құқықтарының сақталуын бақылауды арттырады. Маркетплейстердің қызметін реттеуді және өткізілетін тауарлардың сапасын бақылауды қоса алғанда, қосымша қорғау шаралары көзделген электрондық коммерция саласына ерекше назар аударылды.

Азық-түлікке қолжетімділік

Халықты қолжетімді және сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесі экономикалық өзгерістер мен тұтынушылық сұраныстың өсуі аясында өзекті болып отыр. Азық-түлікке қолжетімділікті арттыру және отандық өнімнің ұсынылуын ұлғайту бойынша мақсатты бағытталған жұмыс жүргізілуде.

2024 жылы Қазақстанның 20 қаласында ауқымды зерттеу жүргізілді, ол отандық тауарлар әлеуметтік маңызды позициялар бойынша сөрелік кеңістіктің орта есеппен 80 %-ын (мысалы, ұн – 95 %, сүт – 87 %, сары май – 88 %, құс еті – 80 %, өсімдік майы – 63 %) алып отырғанын көрсетті. Алайда бұл көрсеткіш одан әрі өсуді талап ететіні атап өтілді.

Отандық өнімдердің үлесін ұлғайту мақсатында "Қазақстанда жасалған" деген арнайы маңдайшаларды орналастыру, сондай-ақ дүкеннің сөрелік кеңістігінің кемінде 30 %-ын қазақстандық өндіріс өнімдеріне бөлу бойынша заңнамалық талаптар енгізілді. Мемлекеттік қолдау алатын сауда субъектілері үшін бұл көрсеткіш азық-түлік тауарлары үшін 50 %-ға дейін және азық-түлік емес тауарлар үшін 20 %-ға дейін ұлғайтылды.

Тұтынушыларды алдауға жол бермеу мақсатында тауарларды орналастыру сапасы мен қағидаларын бақылауға ерекше назар аударылады. Тауарларды қатар қою қағидастарын міндетті түрде сақтау (мысалы, сүт сусындарынан және майды спредтерден бөлек орналастыру) енгізілді. Сондай-ақ азық-түлікті сатып алу және қайта сату кезінде ұлттық стандарттарды міндетті түрде қолдану бекітілді.

Халықтың жаңа, сапалы және бағасы қолжетімді тауарларды сатып алу мүмкіндігі бар жәрмеңкелер мен көрмелерді ұйымдастыру маңызды бағыт болып табылады. 2024 жылы 400-ден астам ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізілді, оның 60-ы елдің ірі қалаларында өтті. Шаруа қожалықтарын қолдау үшін жәрмеңкелердегі сауда орындары тегін беріледі, ал өтінім беру процесі толығымен цифрландырылған.

Сонымен бірге сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына қатаң мемлекеттік бақылау жүргізіледі. 2023 жылғы сәуірден бастап анықталған бұзушылықтар саны 17 есеге өсті, 5,5 мыңнан астам әкімшілік қаулы шығарылды, 610 өнімсіз делдал жойылды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде 2026 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын мемлекеттік реттеу тетігі (шекті және ең жоғары бағаларды белгілеу) алып тасталады. Көрсетілген мерзімге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі қайта қаралып, нақтыланатын болады. Бұл шара нарықты ырықтандыруға, инвестициялық ахуалды жақсартуға, сапаны арттыруға және азық-түлік тауарларының отандық өндірісін ынталандыруға бағытталған.

Көлеңкелі экономика

Негізгі жүйелі проблемалардың біріне көлеңкелі сауданың жоғары деңгейі жатады, оның көлемі 2023 жылы 4,2 трлн теңгеге бағаланды және елдің көлеңкелі экономикасында 1-орын алды.

2015 – 2024 жылдар аралығындағы көлеңкелі экономика серпінін талдау оның үлесінің біртіндеп төмендегенін көрсетеді. 2015 жылы ол 8,15 %-ды құрады, 2016 жылы 9,16 %-ға дейін өсті, одан кейін төмендей бастап, 2019 жылы 7,98 %-ға жетті. Айтарлықтай қысқару 2020 жылы (5,77 %) және 2021 жылы (2,77 %) болды, бұл мемлекеттік бақылаудың күшеюімен және сауданы цифрландырумен байланысты. Алайда кейінгі жылдары аздап өсу байқалады (2022 жылы 3,14 %), бұл заңсыз тауар айналымы проблемаларының сақталып отырғанын көрсетеді.

Көлеңкелі сауданың жоғары деңгейінің салдары сауда жұмыскерлерін әлеуметтік қорғаудың жеткіліксіздігі болып табылады, бұл формалды емес жұмыспен қамтылғандар санының көптігімен (169 мың адам), жалақының салыстырмалы түрде төмен болуымен және еңбек өнімділігінің төмендігімен расталады. Көлеңкелі саудада тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасының, қауіпсіздігінің тиісті стандарттары да жоқ. Тұтынушылар қолдан жасауға, сапасыз тауарларға немесе алаяқтыққа жиі тап болады.

Бұл факторлар саланың дамуын айтарлықтай шектейді, оның ашықтығын төмендетеді, бюджетке салықтық түсімдердің қысқаруына әкеледі, сондай-ақ нарықтағы контрафактілік өнімдер көлемінің ұлғаюына ықпал етеді.

Ең бастысы, көлеңкелі сауда бәсекелестікті төмендетеді және сауда саласының инвестициялық тартымдылығына әсер етеді.

2.2 Сыртқы сауда

Қазақстанның сыртқы сауда қызметі бүгінгі күні едәуір дәрежеде әртараптандырылған. Қазақстан әлемнің 210-нан астам елімен сауда жасайды. Ел әлемдік сауда жүйесіне белсенді интеграциялау жолымен Қазақстан экономикасын халықаралық институттар үшін ашық деп сипаттайтын белсенді әрі мақсатты бағытталған сыртқы сауда саясатын жүргізеді.

Қазақстанның негізгі сауда әріптестері Қытай, Ресей, Италия, Нидерланды, Франция болып табылады.

Қазақстанның сыртқы саудасының дамуына ықпал ететін түйінді институционалдық фактор Еуразиялық экономикалық одаққа, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) мүшелік болып табылады.

ЕАЭО-ға мүше болу Қазақстанға жалпы халық саны 185 миллионнан асатын нарыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мәселен, ЕАЭО жұмыс істеген 10 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның әріптестермен өзара саудасы 89,6 %-ға өсті (2015 жылы – 16,3 млрд АҚШ доллары, 2024 жылы – 30,9 млрд АҚШ доллары). Қазақстанның жалпы саудадағы ЕАЭО-мен сауда үлесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша 21,8 %-ды құрады. Қазақстанның ЕАЭО-ға экспорты ЕАЭО жұмыс істеу кезеңінде 115,7 %-ға өсті (2015 жылы – 5,1 млрд АҚШ доллары, 2024 жылы – 11 млрд АҚШ доллары), оның ішінде ЕАЭО-дағы экспорт құрылымында өңделген өнімнің үлесі 2015 жылғы 54,2 %-дан 2024 жылдың қорытындысы бойынша 86 %-ға дейін өсті. Қазақстанның ЕАЭО елдерінен импорты 74,1 %-ға өсті (2015 жылы – 11,2 млрд АҚШ доллары, 2024 жылы – 19,9 млрд АҚШ доллары).

Қазақстанның ЕАЭО-ға мүшелігі шеңберінде бірыңғай сыртқы сауда саясаты жүргізілуде.


Қазақстанның ЕАЭО-дағы ең маңызды сауда әріптесі Ресей болып табылады, ол ЕАЭО аясында Қазақстан үшін ірі экспорттық нарық, сол сияқты ірі импорт көзі болып табылады.

Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелігі ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету, бизнеске түсетін әкімшілік жүктемені азайту, зияткерлік меншік құқықтарын күзету мен қорғауды арттыру есебінен ішкі нарықтағы инвестициялық ахуалды жақсарту және мемлекет экономикасына инвестицияларды ұлғайту үшін қолайлы жағдайлар жасады.

ДСҰ-ның көпжақты келісімдерінде бекітілген және жаһандық экономиканың тұрақты дамуының негізі болып табылатын халықаралық сауда шарттарының болжамдылығы мен ашықтығына ерекше мән беріледі. Халықаралық құқық нормалары мен кемсітпеу қағидаттарын ұстана отырып, Қазақстан әділ және тұрақты сауда ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

ДСҰ-ның толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан бірыңғай қағидаттар мен қағидалар негізінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық саудасын реттеуге қатыса алады, сондай-ақ сыртқы нарықтардағы сауда дауларын реттеудің тиімді көпжақты тетігін, оның ішінде ДСҰ шеңберінде жүргізілетін көпжақты сауда келіссөздеріне қатысу арқылы пайдалана алады.

2024 жылы Қазақстан сауда саясатының бірінші шолуында ДСҰ-ның міндеттемелерін, оның ішінде сауда рәсімдерін оңайлатуды, агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) жаңғыртуды және инвестициялар үшін жағдайларды жақсартуды орындағанын растады. Бұл жетістіктер әлемдік нарықтарда Қазақстанға деген сенімді нығайтты және оның жаһандық сауда жүйесіне интеграциялануына ықпал етті.



2-сурет. Қазақстанның сыртқы саудасы (2015 – 2024 жылдар), млрд АҚШ доллары

Жалпы сыртқы сауданың даму динамикасы соңғы он жылда жоғары амплитудалы тербелістермен сипатталады. Мысалы, 2015 – 2021 жылдар аралығында елдің сыртқы сауда көлемі 62,1 – 101,7 млрд АҚШ доллары диапазонында болып, орташа есеппен 85,4 млрд АҚШ долларын құраса, соңғы үш жылда (2022 – 2024 жылдар) тауарлар саудасының диапазоны 135,5-142,1 млрд АҚШ доллары деңгейінде болды. Қазақстан Республикасының Сыртқы сауда айналымы пандемиялық 2020 жылы түзетіле отырып, 2017 жылдан бастап тұрақты түрде ұлғайды.

Соңғы он жылда экспорт 78 %-ға өсті. Ел экспортының құрылымында негізгі үлесті шикізат тауарлары алады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша шикізат тауарларының үлесі 64,7 %-ды (2023 жылы 67,5 %) құрады, оның ішінде Қазақстан негізінен 42,9 млрд АҚШ долларына (52,5 % үлеспен) шикі мұнайды, 3,2 млрд АҚШ долларына (3,9 % үлеспен) мыс кендері мен концентраттарын экспорттады.

Он жыл ішінде шикізаттық емес экспорт үлесіне барлық экспорттың 31,5 %-ы, негізінен уран – 4,55 млрд АҚШ долл. (5,6 % үлеспен) және мыс – 4,1 млрд АҚШ долл. тиесілі (5,1 %). Қазақстан экспорты негізінен тау-кен өнеркәсібінің шикізатын және өңдеу өнеркәсібінің өңделуі төмен өнімдерін ұсынады, ал импортта дайын тауарлардың үлесі шамадан тыс жоғары.



3-сурет. Қазақстан экспортының құрылымы (2015 – 2024 жылдар), млрд АҚШ доллары

Импортқа келетін болсақ, оның көлемі 10 жыл ішінде 97,6 %-ға артты. Импорт серпінінің ауытқуы экспорттың өзгеруіне ұқсас, бірақ ығысу дәрежесі ең төмен. Бұл ретте, егер Қазақстан экспортында шикізат тауарлары басым болса, онда импорттағы жағдай керісінше. Соңғы он жылда ел импортының құрылымында өңдеу дәрежесі жоғары шикізаттық емес тауарлар орташа алғанда 92,2 %-ды алады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша импорт құны 60,4 млрд АҚШ долларын құрады (шикізаттық емес тауарлардың үлесі 93,3 %, ал шикізаттық тауарлары – 6,7 %).



4-сурет. Қазақстан импортының құрылымы (2015 – 2024 жылдар), млрд АҚШ доллары

Осылайша, Қазақстан экономикасы өндірістік әлеуетінің жеткіліксіз дамуының, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының төмен өнімділігінің нәтижесі болып табылатын сыртқы сауда теңгерімсіздігі байқалады.

Тұтастай алғанда, сыртқы сауда теңгерімсіздігі Қазақстан экономикасының ағымдағы моделінің көрінісі болып табылады, ол шикізат пен аз өңделген тауарларды сатудан түскен экспорттық түсімнің ағыны есебінен қаржыландырылатын дайын тауарлар мен сапалы көрсетілетін қызметтерді импортталатын тұтынудың жоғары (дамыған елдер деңгейінде) деңгейімен ерекшеленеді.

Бұл ретте Қазақстан экспорттайтын шикізаттық тауарлардың бағасы айтарлықтай ауытқуға ұшырайды, ал импортталатын дайын тауарлардың құны едәуір тұрақты, бұл ұлттық экономика үшін күтпеген баға күйзелістерінің тәуекелін тудырады. Бұдан басқа, өсіп келе жатқан импорт ішкі нарыққа қысымды күшейтеді және ұлттық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Бұл экспортты әртараптандыру, жоғары өңделетін өнімге көшу және шикізаттық емес салаларды дамыту қажеттігін көрсетеді. Орнықты экономикалық өсу үшін шикізатқа тәуелділікті қысқартуға, отандық өндірісті ынталандыруға және сауда теңгерімсіздігін жоюға бағытталған кешенді тәсіл талап етіледі.

Ішкі нарықты қорғау

Ішкі нарықты қорғау отандық өндірушілерді қолдауға және тұтынушылар үшін тауарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сауда саясатының маңызды бағыты болып табылады. Тарифтік емес реттеу шеңберінде 2024 жылы жекелеген тауарларды әкетуге және әкелуге 20-ға жуық тыйым салу мен шектеу енгізілді, бұл ішкі нарықты қорғауға және оны стратегиялық маңызды өніммен толтыруға мүмкіндік берді.

. Қорғау шаралары саласында Қытайдан, Украинадан және Үндістаннан келетін өнеркәсіптік тауарларға қатысты демпингке қарсы алты шектеу ұзартылды. Бұл шаралар жосықсыз бәсекелестіктің алдын алуға және ұлттық өндірісті қолдауға бағытталды.

Бұдан басқа, қауіпті өнімнің әкелінуі мен айналымын бақылауды қамтамасыз ету үшін саудадағы техникалық кедергілер, сондай-ақ барлық бақылаушы мемлекеттік органдардың қатысуымен қауіпсіз өнімді әкелу және оның айналысы мәселелері жөніндегі ахуалдық штаб жұмыс істейді, оның құрамы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 19 қарашадағы № 440-НҚ бұйрығымен бекітілген. Бірлескен алгоритм әзірленді, оған сәйкес импорттық өнімнің сынамалары алынып, бұзушылықтар анықталады, шекара маңындағы өткізу пункттерінде күшейтілген зертханалық бақылау енгізіледі.

Қабылданған шараларға қарамастан, шешуді талап ететін едәуір сын-қатерлер қалып отыр. Импортталатын тауарлардың жеткілікті бақыланбауы өнімнің нарыққа тиісінше тексерілмей түсуіне алып келеді. Тауарларды бұрмалаудың және стандарттарға сәйкессіздіктің жоғары деңгейі тұтынушылар үшін тәуекелдер төндіреді.

Қазіргі уақытта жаһандық экономикалық дауыл жағдайында жетекші елдер арасындағы толық ауқымды сауда қақтығыстарына алып келетін сауда шектеулері мен протекционизмнің тұрақты өсу үрдісі байқалады. Бұл шаралар жаһандық сауданың өсу қарқынын едәуір бәсеңдете отырып, халықаралық сауда-экономикалық қатынастардың құрылымына елеулі әсер етеді және қолданыстағы жеткізу тізбектерінің орнықтылығын бұзады, нәтижесінде қосылған құнның интеграцияланған жүйелері бұзылады, бұл да халықаралық сауданың болжамдылығы мен тұрақтылығының төмендеуіне алып келеді.

Шикізаттық емес экспортты ілгерілету

Қазақстанның экспорттық саясаты жеткізу географиясын кеңейтуге, экспорттаушыларды қаржылай қолдауды күшейтуге және отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің шетелдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Экспорттық саясатты іске асыруда шикізаттық емес экспортты дамыту институты ретінде құрылған "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – QazTrade) шешуші рөл атқарады. QazTrade экспорттаушыларға талдау мен стратегиялық жоспарлаудан маркетингтік және құқықтық қолдауға дейінгі кешенді сүйемелдеуді ұсынады, консультациялық қызметтер көрсетеді, шетелдік әріптестерді іздеуге және жаңа нарықтарға шығуға көмектеседі, сондай-ақ сауда-экономикалық және бизнес-миссияларды, оның ішінде халықаралық көрмелерді ұйымдастырады. Басымдықтардың ішінде – өткізу инфрақұрылымын дамыту, электрондық сауданы қоса алғанда, нарықтар бойынша талдау, сондай-ақ оқыту арқылы бизнестің экспорттық құзыретін арттыру.

Қазақстанның экспорттық әлеуетін күшейту үшін экспорттаушыларға сақтандыру қолдауын, сондай-ақ дәстүрлі субсидиялауға балама ретінде кеңейтілген қаржы құралдары – кепілдік беру, экспорт алдындағы және экспорттық сауда қаржыландыруын ұсынатын Экспорттық-кредиттік агенттік құрылды.

"Экспорттық фокустың" нысаналы бағыты шеңберінде көлік дәліздерін дамытуда Қытай, ЕАЭО және Орталық Азия елдері, Еуропалық Одақ және Таяу Шығыс нарықтары басым болып қала береді. Бұған қосымша БАӘ, Ауғанстан, Тәжікстан, Италия, Өзбекстан, Ресей, Қырғыз Республикасы сияқты елдерде сауда-экономикалық миссиялар жүргізіледі.

Қазақстан өз өнімдерін ірі халықаралық көрмелерге (CIFTIS, CIE, DigitalExpo, ЭКСПО Еуразия және басқалар) қатысу, сондай-ақ жетекші электрондық сауда платформаларындағы (jd.com, Douyin, Alibaba) ұлттық павильондар белсенді түрде ілгерілетуде.

Қабылданып жатқан шараларға және шикізаттық емес экспорттың тұрақты өсуіне қарамастан, Қазақстан сыртқы нарықтарда сұранысқа ие тауарлардың әлі де шектеулі санын экспорттайды, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігінің жеткіліксіздігіне, сондай-ақ бәсекеге қабілетті дайын тауарлардың экспорттық экспансиясы үшін өндірістік қуаттардың жетіспеушілігіне байланысты.

Мемлекеттік саясаткерлер мен ведомстволар арасындағы үйлестіру мен синергия жеткіліксіз. Экспорттаушыларды қаржылай қолдау және Қазақстанда экспортты қолдау институттарын қаржыландыру салыстырылатын елдерге қарағанда және орташа есеппен әлем бойынша төмен.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Сауда жалпы ішкі өнімнің айтарлықтай бөлігін қалыптастыра отырып, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етіп және өндірушілер мен тұтынушылардың арасындағы байланыстырушы буын бола отырып, Қазақстан экономикасында шешуші рөлге ие. Алайда сауда саласын дамыту оны жаңғыртуға және орнықты өсуіне кедергі келтіретін бірқатар жүйелі проблемаларға тап болуда. Бұл сын-қатерлер осыған ұқсас міндеттерді шешуде өз тиімділігін дәлелдеген халықаралық тәжірибені егжей-тегжейлі талдауды және қолдануды талап етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның сауда саласында инфрақұрылымның жеткіліксіздігін, электрондық саудадағы кедергілерді, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, экспортты ілгерілету мәселелерін, сауданы цифрландыруды қоса алғанда, бірқатар проблемалар бар. Бұл бөлім халықаралық тәжірибеге жан-жақты шолу жасауға бағытталған, проблемалардың әрқайсысы үшін ұлттық жағдайларға бейімделуге және енгізуге болатын сәтті механизмнің мысалдары келтірілген. Талдау сауда саласының бәсекеге

кабілеттілігін арттыру, бизнес үшін жағдайды жақсарту, заманауи инфрақұрылымды дамыту және жаһандық қосылған құн тізбегіне интеграциялау үшін Қазақстанның күш-жігерді шоғырландыруы тиіс бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

3.1 Сауда инфрақұрылымы

Германия

Urban Development Funding бағдарламасы сауда объектілерімен қамтамасыз етілуі төмен қалалардағы сауда кеңістіктерін жаңғыртуды қаржыландырады. Субсидиялар ескі ғимараттарды сауда орталықтары етіп реконструкциялау, энергия тиімділігін жақсарту және ыңғайлы қалалық инфрақұрылым құру үшін беріледі. Бұл шағын қалалар мен мегаполистер арасындағы сауда алаңдарымен қамтамасыз етудегі алшақтықты қысқартуға мүмкіндік берді.

Сингапур

Retail Industry Transformation Map бастамасы сауда кәсіпорындарына технологияларды енгізуге, сауда объектілерін жаңғыртуға және неғұрлым ыңғайлы әрі қолжетімді дүкендер құруға гранттар бөледі. Сондай-ақ сауда объектілерін біркелкі бөлуді қамтамасыз ету үшін "үй жанындағы дүкендер" сияқты бөлшек сауданың жаңа форматтары үшін салықтық жеңілдіктер енгізілді.

Оңтүстік Корея

Оңтүстік Корея дәстүрлі нарықтарды жаңғырту мен қолдауға ерекше назар аудара отырып, сауда саласын белсенді реттейді. Дәстүрлі бөлшек сауда біртіндеп жойылып бара жатқан көптеген елдерден айырмашылығы, Оңтүстік Кореяда мемлекет мұндай базарларды қазіргі заманғы сауда жүйесіне ықпалдастыра отырып, сақтауға ұмтылады.

Дәстүрлі сауданы қолдаудың маңызды құралы ірі ритейлерлердің қызметін шектеу болды. Дәстүрлі нарықтарды қорғау мақсатында сауданы қорғаудың арнайы аймақтары енгізілді, онда базардан 1 км радиуста гипермаркеттер салуға тыйым салынады. Бұдан басқа, ірі сауда желілері айдың әрбір екінші және төртінші аптасында жабылуға міндетті, бұл дәстүрлі базарларға бәсекелестік артықшылық береді.

Ірі ойыншылар үшін шектеулерден басқа, мемлекет дәстүрлі нарықтарда жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлерге қаржылай қолдау көрсетеді. Салықтық жеңілдіктер, сауда нүктелерін жалға алуға және жаңғыртуға субсидиялар, сондай-ақ жеңілдікті кредиттер беру енгізілді. Бұған қосымша логистикалық орталықтар құрылуда, олар базарларға жеткізу тізбектерінің тиімділігі есебінен гипермаркеттермен бәсекелесуге көмектеседі.

3.2 Электрондық сауда

Қытай

Қытай e-commerce жаһандық нарығының 50 %-дан астамын қалыптастыра отырып, электрондық коммерцияда әлемдік көшбасшы болып табылады. Электрондық сауданы

дамытуда цифрлық инфрақұрылымға ауқымды мемлекеттік инвестициялар, сондай-ақ Alibaba, JD.com және Pinduoduo сияқты ірі ұлттық маркетплейстерді қолдау маңызды рөл атқарды. Елде шағын және орта бизнесті цифрландыру, кедендік рәсімдерді оңайлату және логистикалық тізбектерді субсидиялау бойынша мемлекеттік бағдарламалар белсенді түрде енгізілуде. Арнайы салықтық жеңілдіктер және трансшекаралық сауда үшін кедергілерді азайту жөніндегі шаралар Қытай компанияларына халықаралық e-commerce платформаларында басым болуға мүмкіндік берді.

Сингапур

Сингапур E-Commerce Booster Package бағдарламасы арқылы электрондық сауданы белсенді түрде дамытуда, ол шағын және орта кәсіпорындарға цифрлық алаңдарға шығу үшін субсидиялар береді. Мемлекет бизнесті Amazon, Lazada және Shopee-ді қоса алғанда, халықаралық маркетплейстермен интеграциялауды ынталандырады, сондай-ақ онлайн-тапсырыстарды жеделдетіп өңдеу үшін цифрлық логистикалық хабтар құруды инвестициялайды. Бұған қосымша киберқауіпсіздік және дербес деректерді қорғау бойынша шаралар іске асырылуда, бұл тұтынушылардың онлайн-платформаларға деген сенімін арттырады.

Еуропалық Одақ (ЕО)

ЕО-да мүше елдердегі электрондық коммерция қағидаларын үйлестіруге бағытталған Еуропалық цифрлық сауда стратегиясы енгізілді. Digital Markets Act бағдарламасы бәсекелестікті қорғау және жергілікті интернет-дүкендерді қолдау мақсатында Amazon және Google сияқты ірі технологиялық компаниялар үшін қатаң қағидалар белгіледі. Сауданың онлайн-форматына көшетін кәсіпкерлер үшін арнайы мемлекеттік қаржыландыру тетіктері әзірленді. Сондай-ақ бірыңғай цифрлық сәйкестендіргіш жүйесі енгізілді, бұл халықаралық төлемдер мен онлайн-сатып алу процесін айтарлықтай оңайлатты.

3.3 Сауданы цифрландыру

Қытай

Қытай жасанды интеллект, көлемді деректер және блокчейн-технологияларды белсенді түрде енгізудің арқасында сауданы цифрландыру саласында жаһандық көшбасшы болып табылады. Мемлекет логистика мен кедендік рәсімдерді цифрландыруды барынша қолдайды, бұл трансшекаралық сауда процесін айтарлықтай жеделдетеді. Экспорттаушылар мен мемлекеттік органдар арасында автоматтандырылған деректер алмасуды қамтамасыз ететін China International Trade Single Window цифрлық платформалары енгізілді. Бұдан басқа, Қытай Global Trade Item Number (бұдан әрі – GTIN) сияқты жаһандық сәйкестендіру жүйелерін белсенді пайдаланады, бұл ішкі және халықаралық нарықтардағы тауарлар туралы деректерді біріздендіруге мүмкіндік береді.

Еуропалық Одақ

ЕО электрондық сауда құжаттарын, цифрлық төлем шешімдері мен жасанды интеллектті жеткізу тізбектеріне енгізуге бағытталған сауданы цифрлық трансформациялау бағдарламасын іске қосты. eIDAS (электрондық сәйкестендіру және сенімгерлік қызметтер) және eFTI (электрондық сауда ақпараты) заңнамалық бастамалары компанияларға цифрлық есептілікті жүргізуге және кедендік рәсімдерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бірыңғай цифрлық нарық шеңберінде тауарларды сәйкестендіруде және сауда процестерін стандарттауда GTIN пайдалану белсенді дамып келеді. Бұл мәмілелердің ашықтығын қамтамасыз етіп, тұтынушылардың сенімін арттырады және экспорттаушылар үшін кедергілерді төмендетеді.

АҚШ

АҚШ-та сауданы цифрландыру бизнестің бұлттық сервистерге, big data-талдауға және жасанды интеллектке қолжетімділігін қамтамасыз ететін Amazon, Google және Microsoft платформалық шешімдерін қоса алғанда, жеке технологиялық бастамалар есебінен дамуда. Мемлекет экспорттаушыларға арналған цифрлық сәйкестендіргіштерді белсенді енгізуде, бұл халықаралық сауда процесін оңайлатады.

Automated Commercial Environment (ACE) бағдарламасы компанияларға тауарларды декларациялау процесін автоматтандыруға және транзакцияларды жеделдетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ өнімді цифрлық таңбалауға, атап айтқанда, фармацевтика, азық-түлік және тұтыну тауарлары саласында тауарларды қадағалау үшін GTIN және NTIN пайдалануға көп көңіл бөлінеді.

Оңтүстік Корея

Оңтүстік Корея жасанды интеллект пен машиналық оқыту негізінде цифрлық сауда экожүйелері жүйесін енгізуде. Smart Trade Hub шеңберінде мемлекет жеткізу тізбектерін басқару үшін автоматтандырылған шешімдерді, зияткерлік төлем жүйелерін және тауарларды цифрлық сертификаттауды дамытуда. Ел өнімді таңбалауда GTIN халықаралық стандарттарын белсенді пайдаланады, бұл логистикалық процестерді оңайлатуға, тауарлардың сапасын бақылауды автоматтандыруға және халықаралық нарықта корейлік өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді.

3.4 Тұтынушылардың құқықтарын қорғау

Германия, Польша

Германия мен Польшада тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органдар мен бейінді мемлекеттік органдар тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі үкіметтік емес сектормен бірлесіп жұмыс істейді.

Германияда тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органға қадағалау және бақылау функциялары берілген, бұл ретте оның негізгі "жаһандық" функциялары нормашығармашылық қызмет және мемлекеттік саясатты қалыптастыру болып табылады.

Өз кезегінде, мемлекеттік саясатты іс жүзінде жүзеге асыруды Германия мен Польшаның барлық аймақтарында орналасқан тұтынушылардың үкіметтік емес ұйымдары жүзеге асырады.

Үкіметтік емес сектор тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, медициналық көрсетілетін қызметтер, тасымалдау және көлік, байланыс, сауда, туризм, мәдениет, қоғамдық тамақтану, қонақ үй және өзге де қызмет салалары бойынша тұтынушыларды хабардар ету және оларға консультация беру қызметін жүзеге асырады.

Сонымен қатар үкіметтік емес сектор тұтынушылық дауды сотқа дейін шешуді және мемлекеттің араласуынсыз бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Мұндай тәсіл өркениетті нарықтық экономика тұжырымдамасына сәйкес келеді, онда әкімшілік органның қатысуы барынша азайтылады, ол биліктің атқарушы немесе сот тармақтарының араласуын талап ететін ерекше жағдайларда ғана қолданылады.

Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің мемлекеттік құрылымдармен ынтымақтастығы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы көптеген проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Аустралия

Australian Consumer Law Portal шағым беру процесін автоматтандырады. Жүйе жолданым мәртебесін қадағалауға мүмкіндік береді және жүйелік проблемаларды талдауға арналған құралдарды қамтиды. Сондай-ақ тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін жүйелі түрде ағартушылық науқандар өткізіледі.

АҚШ

Федералдық сауда комиссиясы деректерді міндетті шифрлауды қоса алғанда, электрондық коммерцияда тұтынушыларды қорғау жөніндегі қағидаларды енгізді. Жария пікірлер мен рейтингтер жүйесі құрылды, бұл нарықтың ашықтығын арттырады.

3.5 Ішкі нарықты қорғау және тауарлардың сапасын арттыру

Жапония

Жапонияда экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және отандық өндірушілерді қолдау негізгі стратегия болып табылады. Мемлекеттік саясат стратегиялық салаларды қорғауға және ішкі өндірістік тізбектерді дамыту арқылы сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған. Бұдан басқа, өнім сапасы мен өндіріс тиімділігін арттыруға ықпал ететін 5S жүйесі (сұрыптау, тәртіпті сақтау, тазалықта ұстау, стандарттау және жетілдіру) белсенді қолданылады. Парето, Исикава диаграммаларын және бақылау карталарын пайдалана отырып, сапаны статистикалық бақылау енгізілді, бұл ақауларды жедел анықтауға және өндірістің тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді.

АҚШ

АҚШ жоғарылатылған тарифтер мен баждарды енгізуді қоса алғанда, ішкі нарықты қорғаудың белсенді шараларын пайдаланады. Мысалы, 2018 жылы ұлттық

өндірушілерді қорғау үшін болат пен алюминийдің импортына баж салығы енгізілді. Сондай-ақ АҚШ сауда теңгерімсіздіктерін жоюға және жосықсыз бәсекелестіктен қорғауға бағытталған екіжақты және көпжақты сауда келісімдерін жасасады.

2025 жылғы сәуірде АҚШ 185 ел мен аумақтан келетін тауарларға кедендік тарифтерді енгізе отырып, ауқымды сауда қарсылығын жариялады. Қытайға қатысты тарифтер 145 %-ға дейін көтерілді.

Сапаны арттыру саласында америкалық компаниялар автомобиль саласындағы IATF 16949 стандарты және "Алты сигма" әдіснамасы сияқты сапаны басқарудың қатаң стандарттарын енгізеді. Бұл құралдар өнімнің ақаулығын төмендетуге және кәсіпорындардың өнімділігін арттыруға бағытталған.

Қытай

Қытай ішкі нарықты қорғауды қамтамасыз ететін және ұлттық өндірушілердің дамуын ынталандыратын сауда қақтығыстары жағдайында қарсы тарифтік шараларды қоса алғанда, протекционистік саясатты іске асырады. Мемлекеттік қолдау экономиканың стратегиялық салалары үшін субсидиялау мен салықтық жеңілдіктерден де көрініс табады.

Тауарлардың сапасын арттыру үшін Қытай инновациялық дамудың әлемдік рейтингтерінде қарқынды көтеріліп, инновацияларды белсенді дамытуда. Ауыл шаруашылығы секторында биоөнімдерді міндетті сертификаттау енгізілді, ол өндірістің барлық кезеңдерінде – өсіруден бастап қаптау мен өткізуге дейін қатаң бақылауды қамтиды, бұл түпкілікті тауардың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Сингапур

Сингапур ішкі нарықты белсенді қорғайды және сонымен бірге еркін сауда туралы көптеген келісімдер (мысалы, ЕАЭО-мен келісім) арқылы сауда байланыстарын кеңейтуге ықпал етеді. Бұл келісімдер ұлттық мүдделерді қорғау мен жаңа нарықтарға қол жеткізу арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Сингапурда тауарлардың сапасын арттыру үшін тауарларды жеткізу тізбектерінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған Secure Trade Partnership бағдарламасы іске асырылуда. Бұдан басқа, мемлекет саудаға инновацияларды, оның ішінде цифрлық маркетингтік технологияларды енгізуді белсенді қолдайды, бұл өнімді тұтынушылардың жоғары талаптарына бейімдеуге және ұлттық брендтерге деген сенімді күшейтуге мүмкіндік береді.

3.6 Экспортты ілгерілету

Жапония

Экспортты қолдаумен "NEXI" экспортты және инвестицияларды сақтандыру агенттігі және "JBIC" жапондық халықаралық ынтымақтастық банкі айналысады. Бұл ұйымдар жапон компаниялары үшін кредиттер, кепілдіктер және экспортты

сақтандыруды ұсынады. Бұдан басқа, Japan External Trade Organization экспорттаушыларға консультациялық қызметтер ұсынады, шетелдік әріптестермен байланыс орнатуға көмектеседі.

Қытай

Экспортты қолдау Экспорт-импорт банкі және Қытайдың мемлекеттік даму банкі арқылы кредиттер мен кепілдіктер беруді қамтиды. Сондай-ақ Қытай экспортты ынталандыру және қытайлық экспорттаушылар мен өндірушілердің экономикалық ықпалын кеңейту үшін "Бір белдеу, бір жол" бастамасын белсенді пайдалануда. Бұдан басқа, Қытай үкіметі түрлі сауда қауымдастықтары мен ұйымдары арқылы экспорттаушыларға ақпараттық және консультациялық қолдау көрсетеді.

3.7. Кооперацияны дамыту

Үндістан

Үндістанда 2021 жылы кооперативтік қозғалысты дамытуға жауапты мемлекеттік орган – Кооперация министрлігі құрылды, ол елдегі кооперативтік қозғалысты нығайту үшін жеке әкімшілік, құқықтық және саяси негіз құруға жауапты.

"Кооперацияны дамыту жөніндегі ұлттық корпорация" – мемлекет құрған, Ауыл шаруашылығы министрлігінің қамқорлығымен ауыл шаруашылығын дамытуды және кооперативтік қозғалыс арқылы ауылды дамытуды қамтамасыз ететін ұйым. Корпорация инфрақұрылым объектілерін: қоймаларды, қайта өңдеу кәсіпорындарын және басқа активтерді салуда кооперативтерге қаржылай көмек көрсетуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ банк кредиттерін тарту үшін қажетті қаражатпен жабдықтайды.

Қытай

Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік кеңесі басқаратын Бүкілқытайлық жабдықтау-өткізу кооперативтері федерациясы. Федерацияның негізгі функциялары ұлттық жабдықтау-өткізу кооперативтерінің даму стратегиясы мен даму жоспарын зерделеу және тұжырымдау, ұлттық жабдықтау-өткізу кооперативтерін дамытуға және реформалауға басшылық жасау; үкіметтің рұқсатына сәйкес маңызды ауыл шаруашылығы өндірістік материалдарын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы және қосалқы өнімдерді пайдалануды ұйымдастыру, үйлестіру және басқару; барлық деңгейдегі жабдықтау-өткізу кооперативтерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау; тиісті департаменттермен қатынастарды үйлестіру, ұлттық жабдықтау-өткізу кооперативтерінің шаруашылық қызметін бағыттау, қалалық және ауылдық материалдық алмасуға жәрдемдесу болып табылады.

4-бөлім. Сауда саясатын дамыту пайымы

Сауда орнықты өсуді, өнімділікті арттыруды және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының экономикасында негізгі рөл атқарады. Геосаяси тұрақсыздық, протекционизмнің өсуі және әлемдік сауда құрылымдарындағы өзгерістер сияқты жаһандық өзгерістер мен сын-көтерлер

жағдайында Қазақстан жаһандық ойыншылар үшін тұрақты, болжамды сауда және инвестициялық өңірлік әріптес ретінде өз позициясын нығайтуға ұмтылады.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі сауда саясатының миссиясы – ішкі және сыртқы саудада өнімді өндіру, сақтау және өткізу кезеңдері арасында барлық қатысушылар:

тұтынушылар үшін – отандық және халықаралық тауарларға әділ баға бойынша ыңғайлы форматтарда қол жеткізу арқылы;

өндірушілер үшін – өткізудің болжамды және тиімді арналары арқылы;

сауда субъектілері үшін – сұраныс пен ұсыныс арасындағы байланыстырушы буын рөлін атқара отырып, бизнесті жүргізу және дамыту үшін заңды және ыңғайлы жағдайлар арқылы қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін орнықты байланыстар құру.

Тұжырымдама цифрлық технологияларға, сауда процестерінің жоғары тиімділігіне, адал бәсекелестік қағидаттарына, тұтынушылардың мүдделерін қорғауға, отандық өндірісті қолдауға, жаһандық жеткізулер тізбектеріне интеграциялауға және Қазақстанды Орталық Азияның негізгі сауда және логистикалық хабы ретінде дамытуға негізделген сауда экожүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Осы Тұжырымдамада көрсетілген сауда саласының ұзақ мерзімді пайымы оның "өтпелі" салалық табиғаты мен ұлттық экономикадағы маңызды рөлінің арқасында экономикалық өсудің және елдегі өнімділікті арттырудың негізгі драйверлерінің бірі ретінде қалыптасуы болып табылады.

5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

Осы пайымды негізге ала отырып, осы Тұжырымдамада сауданы меншікті, өзіне тән басымдықтары мен сын-қатерлерінің жиынтығымен бірге экономиканың толыққанды, дербес саласы ретінде тұтастай қарау сияқты сауданы дамытудың жаңа тәсілі ұсынылды.

Бұрын түрлі форматты көрсетілетін қызметтердің көмекші саласы ретінде немесе басқа салаларға қызмет көрсететін "бөлуші", "тауар өткізуші" жүйе ретінде саудаға қолданылған тәсіл сауда саласының түйінді проблемаларына шоғырлану тапшылығына, мақсаттың нақты қойылмауына және соның салдарынан оны дамыту шараларының жеткілікті дәрежеде тиімді болмауына алып келді.

Сауданы дамытудың негіз қалаушы мақсаттары елдің және оның азаматтары – тұтынушылардың, жұмыскерлер мен кәсіпкерлердің экономикалық мүдделерін қорғау және ілгерілету болып табылады.

Сауданы дамытудың маңызды қағидаттары сауда саясатын басқа да негізгі мемлекеттік саясатпен, ең алдымен өнеркәсіптік, көлік саясатымен, АӨК-ті дамыту, энергетика, еңбек ресурстарын дамыту саласындағы саясатпен және басқалармен

үйлестіру болып табылады. Іс жүзінде бұл сауда саясатының құралдары ЖІӨ-нің екі есе өсуі бойынша ел экономикасын дамытудың жалпыұлттық міндеттеріне қол жеткізу үшін қолданылатын болады дегенді білдіреді.

Сауданы реттеудегі басты қағидаттар нарықтық тетіктерді ұстану және кәсіпкерлікке реттеушілік жүктемені төмендетуге ұмтылу болып қала береді.

Сондай-ақ мыналар маңызды қағидаттар болып табылады:

Өнімнің қауіпсіздігін, жоғары сапасын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, халықаралық сапа стандарттарын сақтау, өлшемдер мен сынақтардың нәтижелерін халықаралық деңгейде тану, бұл қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік нарықтағы позицияларын нығайтады.

Теңдік пен әділдік, сауда қызметінің субъектілері үшін олардың мөлшері мен даму деңгейіне қарамастан, тең жағдайларды қамтамасыз ету, халықаралық қағидаларға негізделген кемсітпейтін, әділ және ашық сауда жүйесін құруды көтермелеу.

Орнықты дамуды қолдау, жауапты тұтыну және өндіру қағидаттарын іске асыру, қоршаған ортаны қорғау және лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

Жүргізілген талдау Тұжырымдаманың стратегиялық пайымы мен мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай бағыттарға шоғырлану қажет екенін көрсетті:

біріншіден, заманауи сауданың экожүйесін қалыптастыру, сауда саласын ашық ету және өнімділігін арттыру;

екіншіден, отандық өндірістің өсуі және экспортты ілгерілету үшін жағдай жасау;

үшіншіден, тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты қорғау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру.

1-бағыт. Заманауи сауданың экожүйесін қалыптастыру

Заманауи сауданың экожүйесін қалыптастыру сауданы цифрлық трансформациялауды, заманауи және ұйымдастырылған форматтарды дамытуды, жасанды интеллект негізінде инновациялық технологиялар мен талдауды енгізуді болжайды. Негізгі бағыттар тауарларды таңбалау мен қадағалаудың ашық жүйесін құруды, базарлар мен көтерме сауданы цифрландыруды, ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, электрондық және биржалық сауданы нығайтуды, сондай-ақ франчайзинг пен кооперативтерді дамытуды қамтиды. Осы шараларды іске асыру сауданың бәсекеге қабілеттілігінің өсуін, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен экспорттаушылар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуді қамтамасыз етеді.

1-мақсат. Сауданы цифрлық трансформациялау

Сауда саласын цифрландыру ашықтықты, оңтайландыруды, жаңа нарықтар ашуды, барлық процестердің сенімділігі мен тұтынушылардың сенімін қамтамасыз ете отырып, жаңа бизнес-парадигманың негізгі драйверіне айналады. Электрондық таңбалаудан бастап деректерді есепке алу мен талдаудың кешенді жүйелеріне дейін озық цифрлық технологияларды интеграциялау сауда объектілерін толығымен цифрландыруға,

басқарудың жеделдігін арттыруға және көлеңкелі экономикаға тиімді қарсы іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.

1-міндет. Тауарларды жіктеу және кодтау

Қазіргі заманғы серпінді экономика жағдайында тауар ағындарын дәл басқару бизнестің тиімділігін арттыру үшін шешуші мәнге ие. Тауарлардың ұлттық каталогы (бұдан әрі – ТҰК) өнім қозғалысын есепке алуды, бақылауды және басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Оны енгізу қателер мен шығындар тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді, сондай-ақ сатып алу процестерін жақсартады. Тауарды тағайындауға негізделген халықаралық тәжірибе мен жіктеу қағидастарына сүйене отырып, бұл тәсіл тауар ресурстарын басқарудың жоғары ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Осыған байланысты "Кейбір заңнамалық актілерге салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңға 2026 жылғы

1 қаңтардан бастап күшіне енетін, "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектісі ретінде ҰТК-ның жаңа анықтамаларын, мәртебесін және өз қызметінде ҰТК-ны пайдалану бойынша ішкі сауда субъектілеріне қойылатын талаптарды енгізетін өзгерістер енгізілді.

10 млн-нан астам тауардың жіктемесі үйлестіріліп, осы жіктеуіштің негізінде сатып алуды жоспарлау жүйесі іске қосылады, техникалық реттеудің ақпараттық жүйесіне жасанды интеллект технологиялары енгізіледі.

2-міндет. Тауарларды қадағалау жүйесін жетілдіру

Қазақстан үшін тауарларды қадағалау жүйесі стратегиялық мәнге ие, өйткені барлық жеткізу тізбегі бойынша өнім қозғалысының ашықтығы мен оны сенімді бақылауды қамтамасыз етеді. Бұл контрафактілік өнімнің пайда болу қаупін төмендетуге, тауарлардың сапасын арттыруға және бұзушылықтарды жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте тауарлар қозғалысын бақылау азық-түлік қауіпсіздігіне де ықпал етеді, өнімнің сапасы мен қозғалысының жедел мониторингі бұзушылықтарды уақтылы анықтауға және тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты азық-түлік қоржынын қамту кеңейтіліп, жүйені кең ауқымда қолдану, таңбаланбаған тауарларды сатқаны үшін жауапкершілікті енгізу мәселелері пысықталады және өнім қозғалысының барлық кезеңдерінде оны қадағалау тетігі әзірленеді.

3-міндет. Интеграцияланған цифрлық талдау жүйесі

Қазіргі заманғы бизнес пен мемлекеттік басқаруда деректерді тиімді пайдалану негізделген шешімдер қабылдауда түйінді рөл атқарады. Талдамалық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын интеграциялау ақпараттың үлкен көлемін жедел өңдеп қана қоймай, сонымен қатар жасырын заңдылықтарды да анықтауға мүмкіндік

береді, бұл сауда процестеріндегі ашықтықты арттыруға және шығасыларды азайтуға ықпал етеді.

Осыған байланысты ШОБ-ты цифрландыру, трансформациялау тетіктерін шоғырландыру үшін "сауданың цифрлық айнасы" жасалып, жедел талдау және басқару шешімдерін қабылдау үшін жасанды интеллект енгізіледі, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялау жүргізіледі.

Ақпараттық жүйе ТҚҰЖ-ны, Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің, Ұлттық Банктің және басқалардың жүйелерін қоса алғанда, түрлі көздерден алынған деректерді интеграциялайтын болады. Барлық деректер бірыңғай базаға біріктіріледі, содан кейін жасанды интеллект технологияларының көмегімен интерактивті дашбордтар қалыптастыру және басқару шешімдерін қабылдау үшін өңделетін болады.

Ақпараттық жүйе мынадай міндеттерді шешуге бағытталатын болады:

экспорт, импорт, өндіріс деректері негізінде сауда теңгерімін айқындау;

ақпараттық жүйеде қызметті тіркеу және жүзеге асыру бөлігінде ірі сауда объектілері мен сауда нарықтарының қызметін мониторингтеу;

ӘМАТ бағаларын мониторингтеу және жосықсыз делдалдармен күрес;

тұтынушылардың сатушыларға шағымдарын өңдеу.

"Сауданың цифрлық айнасына" жасанды интеллектті (бұдан әрі – ЖИ) енгізу қолмен бақылаудан сауда процестерін зияткерлік басқаруға көшуге мүмкіндік береді.

2-мақсат. Биржалық сауданы дамыту

Биржалық тетіктер Қазақстанда нақты сұраныс пен ұсынысқа бағдарланып, объективті баға индикаторларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл нарыққа қатысушылардың сенімін арттырып, монополиялық және көлеңкелі схемалардың ықпалын төмендетеді.

1-міндет. Биржалық сауда саласын кеңейту және нарықты цифрландыру

Тауар нарықтарының неғұрлым кең тізбесіне жаппай биржалық сауда енгізілетін болады, бұл мәмілелердің ашықтығын, сауда құралдарының қолжетімділігін және баға белгілеудің объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ол үшін тауар биржаларының интеграцияланған IT-платформасы құрылады, ол мәмілелердің автоматтандырылған мониторингін, биржалық индикаторлардың серпінін және ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ биржалық бағалар мониторингінің биржалық жүйесі енгізіледі және негізгі тауар топтары бойынша эталондық индекстер құрылады. Бұл Қазақстанның әлемдік нарықтарға интеграциялануын қамтамасыз етеді және биржалық тетіктерге деген сенімді арттырады.

Биржалық сауда ұлттық тауар нарығының ажырамас бөлігіне айналады, бұл сұр экономиканың төмендеуіне және бәсекелестіктің артуына алып келеді.

2-міндет. Келісімшарттарды міндетті түрде тіркеу және есеп айырысуларды клирингтік сүйемелдеу

Мәмілелердің ашықтығы мен сенімділігін арттыру үшін тауар биржаларында келісімшарттарды міндетті тіркеу енгізілетін болады. Мұндай келісімшарттар бойынша қаржылық міндеттемелер тек қана клирингтік орталық арқылы орындалатын болады, бұл төлемдердің толық қадағалануын, жалған мәмілелерді болдырмауды және нарыққа қатысушыларды қаржылық тәуекелдерден қорғауды қамтамасыз етеді. Міндетті клирингті енгізу нарықтың өтімділігін де арттырып, есеп айырысуларды жеделдетеді және дефолттық тәуекелдерді барынша азайтады, бұл биржалық жүйенің тұрақты жұмыс істеуі үшін ерекше маңызды.

Биржадан тыс келісімшарттарды тіркеу мемлекеттік органдарға монополияландыруды, баға айла-шарғыларын және көлеңкелі схемаларды жедел анықтауға мүмкіндік бере отырып, өзекті ақпараттық база құрады. Бұл тауар ағындарын неғұрлым дәл есепке алуды да қамтамасыз етеді, салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттырады және нарықтық трендтерге терең талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Болашақта мұндай жүйе стратегиялық маңызды тауарларға ұлттық баға индексын құру үшін негіз бола алады, бұл өндірушілер, тұтынушылар және реттеуші органдар үшін объективті бағдарлар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3-міндет. "Тауар жеткізілімдерінің операторы" институтын құру және биржалық логистиканы дамыту

Логистикалық тәуекелдерді азайту және биржалық мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін "Тауар жеткізілімдерінің операторы" институты енгізіледі, сондай-ақ логистикалық процестерді үйлестіру үшін биржалық қатысушыларды, көлік компанияларын және мемлекеттік органдарды біріктіретін цифрлық платформа құрылады. Бұл жеткізілімдер тізбегінің ашықтығын, тауарлар қозғалысының жедел мониторингін және ықтимал кідірістерге уақтылы ден қоюды қамтамасыз етеді.

2030 жылға дейін биржалық логистикалық көрсетілетін қызметтердің стандарттары енгізілетін болады, бұл жеткізудің сенімділігін арттырады және келісімшарттардың мәлімделген талаптарының сәйкессіздігін болдырмайды. Логистикалық бағыттарды оңтайландыру, әкімшілік кедергілерді азайту және кедендік рәсімдерді оңайлату жөніндегі шаралар әзірленетін болады, бұл тауар айналымын жеделдетеді және биржалық операциялардың тиімділігін арттырады.

Биржалық логистиканың кешенді жүйесін қалыптастыру тауарларды тасымалдауға байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға, нарыққа қатысушылардың сенімін арттыруға және халықаралық сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

3-мақсат. Электрондық сауданы дамыту

Елдегі электрондық сауданы дамыту заңнамалық базаны жетілдіруді, кәсіпкерлікті қолдауды, заманауи логистикалық инфрақұрылым құруды және Қазақстанның

халықаралық е-commerce платформаларына интеграциялануын қамтитын кешенді тәсілге негізделетін болады. Электрондық сауданы дамыту жөніндегі 2027 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын іске асыру, цифрлық сауда туралы мамандандырылған заңды әзірлеу, е-commerce экожүйесі бойынша зерттеулер жүргізу және Қазақстанның Орталық Азияның цифрлық сауда хабы ретінде қалыптасуы маңызды бағыттар болады.

1-міндет. Электрондық сауда нарығын дамыту жөніндегі 2027 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарын кешенді іске асыру

Е-commerce инфрақұрылымын жетілдіруді, ШОБ субъектілерін қолдауды, төлем жүйелері мен логистиканы дамытуды, сондай-ақ құқықтық ортаны жетілдіруді қамтитын Электрондық сауда нарығын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын дәйекті іске асыру жүзеге асырылатын болады. Кәсіпкерлерге арналған цифрлық сервистерді кеңейту және қазақстандық онлайн-бизнестің халықаралық нарықтарға шығуын ынталандыру жөніндегі жұмыс күшейтілетін болады. Ел экономикасындағы электрондық сауда үлесінің едәуір ұлғаюы, Қазақстанның жаһандық е-commerce платформаларына интеграциялануының күшеюі және отандық өндірушілер үшін экспорттық мүмкіндіктердің кеңеюі күтілуде.

2-міндет. Электрондық сауданың экожүйесін зерттеу

Төлем жүйелерін, логистикалық инфрақұрылымды, нормативтік құқықтық базаны және халықтың цифрлық сауаттылығын бағалауды қамтитын Қазақстандағы электрондық сауда экожүйесінің ағымдағы жай-күйіне кешенді зерттеу жүргізілетін болады. Зерттеу Электрондық коммерцияны дамыту жөніндегі бірінші ұлттық баяндаманы дайындау үшін негіз болады, ол одан әрі реформалар, заңнамалық нормаларды жаңғырту және бизнес үшін қолайлы орта жасау үшін база қалыптастырады. Зерттеу нәтижелері е-commerce саласындағы кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау жүйесін оңтайландыруға және халықаралық нарықтарға шығу процестерін оңайлатуға, сондай-ақ электрондық сауда туралы жеке заң әзірлеу үшін тұжырымдамалық негіз болуға мүмкіндік береді.

3-міндет. Электрондық сауда туралы жеке заң әзірлеу

Электрондық сауда туралы мамандандырылған заң әзірленеді, ол нарықтың барлық қатысушылары үшін бірыңғай ашық қағидалар жасайды, құқықтық олқылықтарды жояды және цифрлық коммерцияға сенім деңгейін арттырады, маркетплейстерді, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды және трансшекаралық сауданы реттеуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ онлайн-сатушыларды міндетті сәйкестендіруді енгізу жоспарлануда, бұл көлеңкелі бизнес деңгейін төмендетеді және салықтық түсімдерді ұлғайтады. Е-commerce дамыту халықаралық тәжірибеге негізделетін болады, бұл Қазақстанға жаһандық цифрлық нарықтағы позициясын күшейтуге мүмкіндік береді.

4-міндет. Қазақстанның Орталық Азияның электрондық сауда хабы ретінде дамуы

Қазақстан елді Орталық Азияның негізгі электрондық коммерция хабына айналдыру үшін электрондық сауда инфрақұрылымын және логистикалық

мүмкіндіктерді дамытатын болады. Ол үшін ел ішінде, сол сияқты шетелдік нарықтарға тауарларды жедел жеткізуді қамтамасыз ететін мультимодальдық қойма кешендерінің, логистикалық орталықтар мен тапсырыс беру пункттерінің желісі құрылып, трансшекаралық сауданы дамыту, логистиканы жақсарту және кедендік рәсімдерден жедел өту үшін әріптестік жөніндегі халықаралық келісімдер жасалатын болады. Цифрлық шешімдер мен инновациялық сервистерді енгізу бизнес пен шетелдік инвесторларды тарту үшін жаңа мүмкіндіктер жасай отырып, Қазақстанның жаһандық e-commerce саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

4-мақсат. Сауданың заманауи форматтарын дамыту

1-міндет. Сауда форматтарының алуан түрлілігін ілгерілету (сауда желілері, шағын форматтар, базарлар, стрит-ритейл және басқалар);

Ішкі сауданы дамыту саясаты қолайлы жағдайлар жасауға, цифрлық платформаларды енгізуге, мемлекеттік қолдауға, ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды бекітуге, сондай-ақ сауда инфрақұрылымын жаңғыртуға негізделетін болады.

Сауданың түрлі форматтарын дамыту оның орнықты өсуін, бәсекеге қабілеттілігінің артуын және экономикалық ортаның өзгеруіне бейімделуін қамтамасыз ете отырып, нарықтық тетіктермен айқындалатын болады.

Осылайша, сауданың барлық түрлері мен форматтарының одан әрі өсуі мен серпінді дамуы үшін тең жағдайлар жасай отырып, олардың дамуына жан-жақты жәрдемдесу қамтамасыз етілетін болады.

Сауда желілері

Қазақстанда сауда желілерін дамыту жаңа нарықтық жағдайларға табысты бейімделуді, инновацияларды белсенді енгізуді және тұтынушылардың қажеттіліктеріне бағдарлануды көрсетеді.

ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілік) қағидаттарын дәйекті интеграциялау жалғасатын болады, бұл бизнестің орнықтылығын арттыруға ғана емес, сонымен қатар саналы және жауапты тұтынушыларды тарта отырып, оның іскерлік беделін нығайтуға да ықпал етеді.

Перспективада ірі қалалар мен облыс орталықтарын ғана емес, сондай-ақ шағын елді мекендерді қоса алғанда, елдің бүкіл аумағы бойынша сауда желілерін теңгерімді дамыту күтілуде, бұл халықтың заманауи сауда форматтарына біркелкі қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Сатып алу процестерін оңтайландыру мақсатында сауда желілері тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бірыңғай стандартын белсенді түрде енгізе бастайды, бұл өнім берушілермен өзара іс-қимылдың ашықтығы мен тиімділігін арттырады.

Шағын сауда форматтары

Онлайн-платформаларды одан әрі цифрландыру және дамыту шағын сауда нүктелерінің қазіргі заманғы нарықтық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ете отырып, олардың электрондық коммерция экожүйесіне интеграциялануына ықпал ететін болады.

Мемлекеттік қолдау көрсету, өнімдерді бірлесіп сатып алу үшін "үй жанындағы дүкендер" кооперациясын дамыту жұмысы жалғасатын болады.

Сауда қауымдастықтары үй жанындағы дүкендер үшін тауарларға үстеме бағаны қалыптастыру тетігін көздейтін цифрлық жобаны әзірлейтін болады.

Осы тәсілді іске асыру делдалдық схемаларды алып тастауға, баға белгілеуді оңтайландыруға, сондай-ақ сауда желілерімен және базарлармен бірге үстеме бағаның әділ деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сауданың шағын форматтарын дамыту қолайлы әрі жедел сатып алуларға өсіп келе жатқан сұранысты, сондай-ақ тұтынушылардың артықшылықтар беруі мен нарық шарттарын ескере отырып жүргізілетін болады.

Сауда базарлары

Сауда базарларын дамыту мақсатында 2026 жылға қарай кәсіпкерлер мен сатып алушылар үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағдарланған оларды жаңғырту аяқталатын болады.

Көлеңкелі сауда көлемін азайтуға, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды оңайлатуға және баға белгілеудің ашықтығын арттыруға бағытталған "Digital Bazar" пилоттық жобасын елдің барлық өңірлерінде кең ауқымда қолдану көзделеді.

Осы шараларды іске асыру жаңғырту процесін аяқтап қана қоймай, заманауи көп форматты сауданы одан әрі дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ете отырып, базарлар қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Жәрмеңкелер

Жәрмеңкелер сауданың маңызды элементі ретінде барынша әртүрлі және интеграцияланған форматтарға ие бола отырып, сатушылар мен сатып алушыларға жаңа мүмкіндіктер беріп, сауда және мәдени алмасулар үшін көп функционалды әрі ыңғайлы платформаларға айнала отырып, сауда, мәдениет және технологиялар саласындағы заманауи үрдістерді ескере отырып дамитын болады.

Қоғамдық тамақтану объектілері

Қоғамдық тамақтану объектілері болашақта клиенттер үшін дербестендірілген және бірегей тәжірибе жасау үшін неғұрлым икемділік, қолайлылық және жаңа технологияларды пайдалану жағына қарай дамитын болады. Орнықтылық, экологиялылық, денсаулық, автоматтандыру және цифрландыру сияқты трендтер табысты бизнес-модельдер құру үшін шешуші болып табылатынын атап өту маңызды. Бұл үрдістерді енгізу мейрамханалар мен дәмханаларға жаңа клиенттер тартуға, бұрыннан келіп жүрген клиенттердің қызығушылығын жоғалтпауға және нарықта бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі.

Жергілікті өндірушілерді қолдауға және шағын бизнес пен отандық өнім берушілер арасындағы кооперацияны дамытуға ерекше назар аударылатын болады.

Бұл қазақстандық тауарларды алуан түрлі сауда форматтары, оның ішінде стрит-ритейл, вендингітік аппараттар, мобильді сауда нүктелері, рор-ап дүкендер және мамандандырылған дүңгіршектер арқылы ішкі нарыққа ілгерілету үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Осы сауда форматтарын дамыту тұтынушылардың жергілікті өндірушілердің өнімдеріне қолжетімділігін кеңейтіп қана қоймай, сондай-ақ кәсіпкерлерге өткізудің ыңғайлы әрі тиімді арналарын қамтамасыз етеді. Бұл өндірістің өсуіне және сатып алушылар үшін сервистің сапасын арттыруға ықпал ететін қазіргі заманғы көп форматты сауда ортасын қалыптастырудағы маңызды қадам болады.

2-міндет. Азық-түлік саласындағы көтерме буынды нығайту

Ірі сауда желілеріне қол жеткізе алмайтын ұсақ және орта өндірушілердің өнімдерін өткізу проблемасын шешу үшін ірі қалалардың жанында көтерме сауда азық-түлік базарлары желісін құру жалғасады, бұл делдалдар тізбегін барынша азайтуға, өндірушілердің шығасыларын азайтуға және олардың өнімдерінің маржиналдығын арттыруға мүмкіндік береді. Көтерме сауда базарлары желіден тыс бөлшек сауданы және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын жаңа және сапалы өнімдермен қамтамасыз ете отырып, негізгі бөлу орталықтарына айналады.

Бұдан басқа, мұндай жүйе ветеринариялық және фитосанитариялық қадағалауды қоса алғанда, сапаны тиімді бақылауды, сондай-ақ барлық қажетті құжаттаманы ресімдеуді қамтамасыз етеді.

Көтерме азық-түлік базарларын дамыту қалаларда жаңа өнімдерге қолжетімділікті арттырып, ұсақ және орта өндірушілердің орнықты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Нәтижесінде бұл жергілікті агробизнесі қолдап қана қоймай, сонымен қатар халықты сапалы әрі қолжетімді азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етеді.

Ел өңірлерінде көтерме-тарату орталықтарының құрылысын аяқтау азық-түлік саласындағы көтерме буынды нығайтудың маңызды элементіне айналады. Осы бастаманы тиімді іске асыру үшін сауда инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдесуді қоса алғанда, мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялармен бірлесіп оңтайлы орындарды таңдау, логистиканың тиімділігін және көлік инфрақұрылымының жай-күйін бағалау бойынша ұсынымдар әзірлейді.

3-міндет. Франчайзинг пен кооперативтерді дамыту

Франчайзинг табысты бизнес-модельдерді кең ауқымда қолданудың және сауда желілерін кеңейтудің негізгі құралдарының біріне айналады. Франшиза кәсіпкерлік моделі ретінде бизнеске дайын бизнес-шешімдерді, стандартталған процестерді және танымал брендті пайдалануға мүмкіндік бере отырып, белсенді түрде дамиды. Бұл әсіресе көрсетілетін қызметтер экспортын жеделдету үшін маңызды, өйткені

франчайзинг ең аз тәуекелдермен шетелдік нарықтарға шығу үшін жолға қойылған тұғырнаманы ұсынады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда франчайзинг арқылы көрсетілетін қызметтер экспорты бастапқы кезеңінде тұрғанымен және әзірге кеңінен таралмағанымен, дәл осы ұлттық франшизалардың дамуы қазақстандық көрсетілетін қызметтерді шетелге ілгерілету үшін жол ашады. Бұған мемлекеттік органдардың франчайзингтік өзара қатынастардың түрлі аспектілерін реттеу жөніндегі өкілеттіктерінің аражігін заңнамалық тұрғыдан ажырату ықпал ететін болады. Франшизаларды экспорттық арна ретінде пайдалану компанияларға өздерінің бірегей бизнес-модельдерін, сервистік стандарттары мен маркетингтік тәсілдерін басқа елдерге таратуға мүмкіндік береді, бұл қазақстандық брендтердің халықаралық танымалдылығына ықпал етеді. Бұл шағын және орта бизнеске ритейлдің дамыған экожүйесіне интеграциялануға, тәуекелдерді барынша азайтуға және тексерілген басқару және маркетингтік стратегияларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Ұлттық франшизаларды дамыту мамандандырылған бизнес-алаңдар құру жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларымен қолдау табатын болады.

Мемлекеттік саясат сауданың жаңа форматтарын дамытуды ынталандыруға, бизнес-модельдерді кеңейтуге және отандық бизнестің халықаралық деңгейдегі бәсекелестік позицияларын нығайтуға бағытталатын болады. Қазақстандық кәсіпкерлер шетелдік франшизаларды тартып қана қоймай, сонымен қатар өздерінің өңірлік ерекшеліктер мен тұтынушылардың сұраныстарына бейімделген жеке франшизаларын дамыта алады.

Тұтыну кооперациясын дамыту

Кооперация сауда секторында кәсіпкерлерді шоғырландырудың маңызды элементіне айналады, бұл бірлескен сатып алуды тиімді ұйымдастыруға, ресурстарды бөлуге және шығасыларды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Ұжымдық сатып алу бойынша қадамдық қолжетімділік дүкендері орнықтылықты арттыру үшін халықты жұмыспен қамтуда және ұсақ өндірушілердің өнімдерін өткізуде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ ірі кәсіпорындар жұмыскерлерінің кәсіптік одақтарымен интеграциялау (оның ішінде АКТ тетіктері арқылы), сондай-ақ тұтыну кооперативтері арқылы ұжымдық тұтынудың өсуі мен ұйымдастырылуын ынталандыру қажет.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, тамақ өнімдерін өндірушілердің, көтерме сауда субъектілерінің және қадамдық қолжетімділік дүкендерінің кооперациясы логистикалық қуаттар мен сауда үстеме бағасын төмендетеді, сондай-ақ өндірушілерден бірлесіп сатып алуды ұйымдастыруға, тауарларды тиімді бөлуге, делдалдарды қатыстырмауға мүмкіндік береді.

Сауда кооперативтерін орнықты дамытуды қамтамасыз етуге, логистикалық қуаттарды кеңейтуге және тауарлық есепке алудың бірыңғай жүйесін құруға бағытталған қолдау жүйесі құрылатын болады. Сондай-ақ ауылдық аудандар мен

қалаларда сауда және өндірістік кооперацияны дамыту жөніндегі пилоттық жобалар әзірленіп, іске асырылатын болады.

Цифрландыру, сауданың инновациялық модельдерін қолдау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік Қазақстанның болашақ сауда экожүйесінің негізгі элементтері ретінде кооперация мен франчайзингті дамыту үшін қолайлы орта жасауға мүмкіндік береді.

2-бағыт. Отандық өндірістің өсуі және экспортты ілгерілету үшін жағдай жасау

Отандық өндірісті дамытуға жәрдемдесу сауда саясатының түйінді бағыттарының бірі болып табылады және ішкі нарықты белсенді қорғау және қосылған құны жоғары экспортты ілгерілету сияқты өзара байланысты екі стратегиялық міндетті қамтиды.

Бұл саясат дәстүрлі "сатып алу-сату" моделінен "өндіру-сату" моделіне көшуге бағытталған, бұл ішкі нарықты сапалы отандық өніммен толықтырып қана қоймай, сондай-ақ шикізаттық емес экспорттың едәуір өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде сыртқы сауда теңгерімінің құрылымдық өзгеруі, экспорттағы қосылған құны жоғары өнім үлесінің ұлғаюы және импортқа тәуелділіктің төмендеуі күтіледі.

1-мақсат. Ішкі нарықты қорғау

Сыртқы сауда саясатын іске асыру шеңберінде ішкі нарықты қорғаудың кедендік-тарифтік және тарифтік емес құралдарын қолдану кеңейтілетін болады.

Шикізатты қайта өңдеу дәрежесін арттыруды ынталандыру және өнім өндіруді оқшаулау үшін шикізат пен базалық материалдар экспортын ынталандырмауға бағытталған шаралар кешені іске асырылатын болады. Мұндай шараларға фискалдық құралдар, экспорттық кедендік баждарды қолдану, ішкі нарыққа сату жөніндегі тікелей міндеттемелер және басқалар кіреді.

Бұл тәсіл Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия деңгейіндегі жұмысты көздейді. Ведомствоаралық комиссия шеңберінде реттеу мақсаттарына сүйене отырып, сараланған сценарийлер мен ведомствоаралық мемлекеттік жәрдемдесу шараларын іске асыру үшін қажетті талдау жүргізілетін болады.

Өсіп келе жатқан геоэкономикалық турбуленттілік және сауда қақтығыстарының күшеюі жағдайында үшінші елдердің сауда шараларына уақтылы ден қою арқылы икемді әрі проактивті сыртқы сауда саясатын іске асыру ерекше маңызға ие болады. Мұндай жағдайларда негізгі құрал сауда кедергілерін барынша азайтуға және ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталған консультациялар мен келіссөздер жүргізу болып табылады.

1-міндет. Қорғау шараларын енгізу

Ұлттық өндірушілерді қорғаудың негізгі бағыттарының бірі ұлттық экономикалық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету, қалыптасқан әлемдік сауда конъюнктурасы жағдайында отандық экспорттаушылардың позициясын нығайту үшін екіжақты консультациялар және ДСҰ-ның көпжақты форматтарына, тетіктеріне қатысу арқылы

қазақстандық өнімге қатысты үшінші елдер қолданатын шектеу шараларына қарсы іс-қимыл болады.

Мүше мемлекеттердің ЕАЭО құқығын орындауын, сондай-ақ мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері жобаларының ЕАЭО туралы шарттың, ЕАЭО ішкі нарығындағы кедергілерді саралау әдіснамасына сәйкес ЕАЭО құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің ережелеріне сәйкестігін және кедергілер мен шектеулердің жойылды деп танылуын мониторингтеу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Қазақстан ұлттық экономика үшін маңызы бар ДСҰ дауларына (ЕО мен Қытай, Қытай мен АҚШ, Канада, Түркия мен Қытай арасындағы) үшінші мүдделі тарап ретінде қатысуды жалғастырады. Бұл тәсіл Қазақстан Республикасына құқық қолдану практикасының дамуын қадағалауға, сауда саясатын қалыптастыру кезінде аралық топтардың шешімдерін ескеруге және халықаралық сауда жүйесіндегі құқықтық ұстанымдарды нығайтуға мүмкіндік береді.

2-міндет. Тарифтік емес шараларды енгізу

Әлемдік нарықтардағы бағалардың күрт өсуіне және тиісінше қазақстандық тауарлар экспортының артуына алып келетін тұрақсыз саяси жағдайға байланысты ішкі нарықта жекелеген тауар түрлері тапшылығының орын алу қаупі бар, бұл салдары ретінде ішкі бағалардың күрт өсуіне әкеп соғады. Осындай жағдайда сауда шараларын енгізу азық-түлік пен баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қазақстандық тұтынушылардың мүдделерін қорғауға бағытталатын болады.

Кейіннен ұқсас өнім шығаратын отандық кәсіпкерлердің қызметіне теріс әсер ететін тауарлардың жекелеген түрлерінің импорты күрт өскен және әкелу кезінде олардың санының жөнсіз көбеюі белгіленген және бағалар төмендетілген жағдайда оларды әкелуді шектеу түріндегі тарифтік емес реттеу шаралары қабылданатын болады.

Бұдан басқа, ішкі нарықта тауарлардың жекелеген түрлерінің аса жетіспеушілігі туындаған жағдайда уәкілетті органдардың ұсынысы бойынша олардың тапшылығын және бағаның күрт өсуін болдырмау мақсатында тауарларды әкетуді шектеу жөніндегі шаралар енгізілуі мүмкін.

Қауіпті өнімді әкелуден қорғау үшін шаралар тиісті зертханалық базаны дамытуға бағытталатын болады. Ол үшін зертханалардың қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу және өңірлік ерекшелікті ескере отырып, барлық салалар бойынша материалдық-техникалық базаны цифрландыру жоспарланып отыр. Талдау нәтижелері зертханалық базаны одан әрі дамыту, зертханаларды жаңғырту және қызметкерлердің құзыреттерін арттыру үшін негіз болады.

3-міндет. Кедендік-тарифтік реттеу шараларын енгізу

Сыртқы экономикалық қызметті реттеудің келесі маңызды құралы отандық өндірушілердің/тұтынушылардың мүдделерін қорғауға, ұлттық экономиканы әртараптандыруға, технологиялық өндірістерді дамытуды және қосылған құны жоғары

тауарлар өндірісін, қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз етуге және мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді қамтамасыз етуге бағытталған кедендік-тарифтік реттеуді белсенді қолдану болады.

Қазақстан ЕАЭО мүшесі ретінде осы салада, атап айтқанда, ЕАЭО Бірыңғай кедендік тарифінің әкелу баждарының мөлшерлемелерін жүргізу/өзгерту бойынша тиісті шешімдер қабылдауды көздейтін бірыңғай тарифтік саясатты қалыптастыруға қатысады.

Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын тауарларға қатысты кедендік әкету баждары қолданылады, тауарлардың тізбесі және осындай баждардың мөлшері ұлттық заңнамамен айқындалады. Кедендік баж мөлшерлемелерін өзгерту және бекіту сыртқы сауда тиімділігінің көрсеткіштеріне, әлемдік нарық конъюнктурасына байланысты және Қазақстан Республикасы ЕАЭО және ДСҰ шеңберінде қабылдаған міндеттемелерге сәйкес жүргізіледі.

Импорттық және экспорттық кедендік баждарды қолдану тауарлардың импорты мен экспорты бойынша операцияларды реттеуге, Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қорғауды жүзеге асыруға және Қазақстан экономикасындағы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған прогрессивті құрылымдық өзгерістерді ынталандыруға мүмкіндік береді.

Отандық өндірушілердің, сол сияқты тұтынушылардың мүдделерін барынша қорғайтын икемді кедендік-тарифтік саясат жүргізудің өзектілігі артуда.

Осылайша, Қазақстан ішкі нарықты қорғау, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және халықаралық саудадағы позицияларды нығайту үшін сауда саясаты құралдарының барлық спектрін пайдаланады.

2-мақсат. Шикізаттық емес экспортты ілгерілету

Қазақстан өз алдына өршіл стратегиялық міндет қойып отыр – шикізаттық емес экспортты белсенді ілгерілету арқылы халықаралық нарықтардағы өз позицияларын едәуір нығайту. Ол үшін ел ресурсқа бағдарланған экономика моделінен инновациялық, бәсекеге қабілетті және орнықты өндіріс жүйесіне көшуді жоспарлап отыр.

Қосылған құны жоғары өнім үлесін ұлғайтуға баса назар аударылады, бұл экономиканы әртараптандыруды қамтамасыз етеді, оның өндірістік әлеуетін нығайтады және сыртқы сын-қатерлерге орнықтылықты арттырады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін субсидиялар мен арнайы инвестициялық бағдарламалар арқылы қайта өңдеу өндірістерін ынталандыруды, сондай-ақ қаржылық емес құралдарды – маркетингтік сүйемелдеуді, экспорттық талдауды, инфрақұрылым мен логистиканы дамытуды қоса алғанда, экспорттық қолдау жүйесін кешенді трансформациялау көзделген.

Шикізаттық емес экспорт көлемінің орнықты өсуіне жағдай жасауға бағытталған жаңа стратегиялық вектор енгізілуде. Жұмыс өңірлік ерекшелікті және экономикалық әлеуетті ескере отырып, перспективалы экспорттық нарықтарды дамытуға шоғырландырылатын болады. Тиімді көлік дәліздерін қалыптастыруға ерекше назар

аударылады, бұл терең өңделген өнімдерді сыртқы нарықтарға неғұрлым жүйелі әрі тиімді ілгерілетуге мүмкіндік береді.

1-міндет. Экспорттық жүйені институционалдық дамыту, өңірлермен жұмысты күшейту

Экспортты реттеу мен сүйемелдеудің орнықты архитектурасын қалыптастыру ұлттық экспорттық саясатты жүйелі іске асырудың негізгі шарты болып табылады. Негізгі назар шикізаттық емес экспортты қолдау тетіктерін барлық деңгейде – нормативтік құқықтық базаны жетілдіруден өңірлік инфрақұрылымды дамытуға дейін институционалдық нығайтуға аударылатын болады.

Экспорттаушыларда туындайтын кедергілерге жедел ден қою мақсатында экспорт жөніндегі жедел штабтың жұмысы күшейтілетін болады, ол ашылмаған экспорттық әлеуеті бар кәсіпорындар бойынша жедел шешімдер қабылдауды қоса алғанда, уәкілетті органдардың, даму институттарының және салалық министрліктердің іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз етеді. Мұндай өндірістерді қолдау орталық мемлекеттік және салалық органдардың стратегиялық жоспарларына интеграцияланатын болады.

QazTrade әкімшілік және реттеушілік кедергілерді жою, рәсімдерді стандарттау және транзакциялық шығасыларды төмендету бойынша сүйемелдеуді жүзеге асыратын болады.

Экспортты тиімді ілгерілету үшін ел өңірлерін сыртқы экономикалық қызмет процесіне белсенді түрде тарту қажет. Осы міндет шеңберінде QazTrade өкілдігі экспорттық дамудың сапалы жұмысын құру бойынша өңірлермен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

Бірлескен жұмыс консультативтік-талдамалық сүйемелдеуге, экспортқа бағдарланған кәсіпорындарға қолдау көрсетуге, оқыту іс-шараларын ұйымдастыруға және экспорттық келісімшарттарды дайындауға көмек көрсетуге негізделетін болады.

Сонымен қоса, QazTrade-ті республикалық маңызы бар арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестерге қосу мәселесіне бастамашылық жасалады. Бұл мемлекеттік қолдау шараларын қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған салаларға шоғырландыруды қамтамасыз етеді.

Аталған шараларды іске асыру шикізаттық емес экспорттың орнықты өсуі үшін институционалдық негіз құрады және басқарудың барлық деңгейінде тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

2-міндет. Көрсетілетін қызметтер экспортын дамыту

Көрсетілетін қызметтер экспорты шикізаттық емес экспорт пен мультипликативтік экономикалық өсудің негізгі драйверлерінің бірі болып табылады. Сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттік бағдарламаларға тиісті мақсаттар мен шараларды міндетті түрде енгізе отырып, көрсетілетін қызметтердің басым түрлері (мұнай сервисі, АТ,

инжиниринг, креативті индустриялар, сәулет, білім беру және басқалар) жөніндегі іс-шараларға бастамашылық жасайтын болады.

Стратегиялық талдау мен цифрландырудан бастап шығындарды өтеу мен құзыреттерді дамытуға дейінгі көрсетілетін қызметтер экспортына жәрдемдесудің кешенді тәсілі іске асырылатын болады. Мыналар: экспорттық тауашаларды жүйелі талдау, көрсетілетін қызметтерді шетелдік нарықтарға арнап бейімдеу және ресімдеу, франчайзингті дамыту, B2B-миссияларға және халықаралық көрмелерге қатысу, акселерациялық және білім беру бағдарламалары, сондай-ақ маркетингке, сертификаттауға жұмсалатын шығыстарды өтеу түйінді шаралар болады. Бұл шаралар қосылған құны жоғары қазақстандық көрсетілетін қызметтер экспортының орнықты өсуін қамтамасыз етеді және экспорттық күн тәртібін іске асыру үшін салалық министрліктердің жауапкершілігін күшейтеді.

3-міндет. Нарықтарды зерттеу және экспортқа бағдарланған ШОБ іске қосу

Орнықты шикізаттық емес экспортты дамыту сыртқы нарыққа шығудың барлық кезеңінде бизнесті терең талдауға және жүйелі қолдауға сүйенуді талап етеді. Осыған байланысты қазақстандық компаниялар үшін басым елдерді, тауарлық тауашаларды және экспорттық мүмкіндіктерді анықтау мақсатында сыртқы нарықтарға маркетингтік зерттеулер мен талдауды тұрақты түрде жүргізу қамтамасыз етілетін болады. Алынған деректер негізінде стратегиялық консалтинг, маркетингтік стратегияларды әзірлеу және нысаналы нарықтарға шығудың тиімді бизнес-модельдерін іріктеу арқылы ШОБ-тың экспорт алдындағы құны қалыптастырылатын болады.

QazTradeAcademy базасында ШОБ салалық және елдік мамандануын қамтитын білім беру және қолданбалы даярлық іске асырылады. ШОБ сертификаттау, өнімді бейімдеу, брендті жасақтау, дистрибьюторларды іздеу және халықаралық B2B-миссияларға қатысу бойынша практикалық құралдарды алады. Франшизаларды "толық дайындап" жасақтау және экспортқа шығуды сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.

Қазақстандық қамтылымдағы дайын технологиялық шешімдер мен жиынтықтаушы материалдарды пайдалана отырып, жер қойнауын пайдаланушылар базасында жаңа өндірістер құруды қоса алғанда, "өндіру-сату" моделі шеңберінде экспорттық бизнестерді қалыптастыруға ерекше назар аударылатын болады. Қолдау даму институттарымен бірлесіп дайындалған офтейк-келісімшарттар мен бизнес-жоспарлар негізінде ұсынылатын болады.

Ілгерілету шаралары отандық компаниялардың халықаралық сауда миссияларына, салалық көрмелерге және іскерлік форумдарға қатысуын кеңейтуді де қамтитын болады. Негізгі нарықтарда ұлттық стендтер мен бренд-аймақтарды ұйымдастыру қазақстандық өнімдердің танымалдығын арттыруға, тікелей сату арналарын жолға қоюға және экспорттық географияны кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осы іс-қимылдардың кешені ШОБ-тың жаһандық нарықтарға жүйелі шығуын қамтамасыз ете отырып, экспорттық белсенділіктің өсуі үшін берік инфрақұрылым жасайды.

4-міндет. Қазақстандық экспортты маркетингтік арқылы ілгерілету

Қазақстандық өнім мен көрсетілетін қызметтерді халықаралық электрондық сауда платформаларында ілгерілету жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады. Компаниялар қайтарымды негізде – маркетингтік сүйемелдеуге, логистикаға және онлайн-белсенділікке қатысуға дейін қолдау алады.

5-міндет. Экспортты қолдаудың сыртқы желісі мен сауда инфрақұрылымын дамыту

Экспортты қолдаудың сыртқы инфрақұрылымын дамыту да экспорттық саясаттың маңызды элементі болып табылады, атап айтқанда, Қытайда (Чэнду және Шанхай қалалары) әріптестік офистері, Цзянсуда көрме алаңы, Үрімшіде Сауда өкілдігі, сондай-ақ Дубайда Таяу Шығыс нарығында қазақстандық тауарларды ілгерілетуге ықпал ететін "Qazaq Trade House" сауда үйі ашылды. Кейіннен сауда өкілдіктерін, цифрлық платформаларды, логистикалық арналар мен өнімдерді шетелде тікелей ілгерілету арналарын заманауи экспорттық инфрақұрылымды дамыту жоспарлануда.

Қытай үшін аса ірі экономикалық орталықтар (Бейжің, Шанхай, Шэньчжэнь, Чэнду, Үрімші және басқа да қалалар) бойынша өңірлік экспорттық маркетингтік стратегиялар сериясы әзірленетін болады.

6-міндет. Преференциялық сауда келісімдері желісін кеңейту

Шикізаттық емес экспортты және көрсетілетін қызметтер экспортын ұлғайту жөніндегі міндеттерді орындау шеңберінде преференциялық сауда келісімдерінің немесе еркін сауда туралы келісімдер деп аталатындар желісін кеңейту арқылы қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сыртқы өткізу нарықтарына шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Қазақстанның қолданыстағы преференциялық сауда келісімдерінің желісі Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Еуропа өңірлеріндегі бірқатар елдерді қамтиды. 2015 жылдан бастап Қазақстан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен бірлесіп Вьетнаммен, Сербиямен, Иранмен еркін сауда туралы келісімдер (бұдан әрі – ЕСК) жасасты. Сонымен қатар ағымдағы жылы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының аясында ЕАЭО мен БАӘ арасындағы экономикалық әріптестік туралы келісімге, сондай-ақ Моңғолиямен еркін сауда туралы уақытша келісімге қол қойылды. Бүгінгі таңда Индонезиямен ЕСК жасасу бойынша келіссөздер жүргізілуде, сондай-ақ ЕСК бойынша әлеуетті жаңа әріптестерді айқындау жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ Қазақстанның ЕАЭО-ға кіруіне дейін жасалған бірқатар екіжақты ЕСК (Әзербайжан, Грузия) және ТМД еркін сауда аймағы туралы шарт жұмыс істейді.

Қазақстан Сингапурмен, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен көрсетілетін қызметтердің еркін саудасы және инвестициялар туралы келісімдер жасасты. Қазақстан

мен БАӘ арасында көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісім жасасу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Келіссөздер мен ЕСК-ның әлеуетті жасалуы қалыптасқан желіні кеңейтеді және бұрыннан қамтылған өңірлерді сапалық жағынан күшейтеді.

Оңтайлы және бәсекелес нарықтарды іздестіру қазақстандық көрсетілетін қызметтерді берушілердің шығуы үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды қорғау кепілдіктерінің деңгейін арттыру мақсатында жалғастырылатын болады.

7-міндет. ЖИ базасындағы экспорт пен сауданың цифрлық экожүйесі

Бизнеске қолдау шаралары, логистика, кедендік рәсімдер және өнімдерді шетелдік нарықтардың талаптарына бейімдеу бойынша жеке ұсынымдарды ұсынатын, 24/7 қолжетімді зияткерлік экспорттық консультант жеке модуль болады. Сондай-ақ export.gov.kz порталы жаңғыртылып, қазақстандық экспорттаушылардың өзекті тізіліміне ашық қолжетімділік қамтамасыз етіледі және шетелдік тапсырыс берушілермен цифрлық коммуникация арнасы құрылады.

Платформа экспорттық шешімдердің дәлдігін арттырудың, белгісіздікті азайтудың және Қазақстанның жаһандық нарықтардағы зияткерлік ойыншы ретіндегі позициясын нығайтудың басты құралына айналады. Бұл шешім деректерге негізделген экономикаға көшудің іргетасын қалайды және экспорттық саясат, өнеркәсіптік трансформация және елдің цифрлық дамуы арасында байланыстырушы буын құрады.

8-міндет. Қаржылай қолдау шаралары

Қаржы құралдары экспорттық әлеуетті ынталандырудың маңызды элементі болып қала береді. Сақтандыру, кепілдік беру, экспорт алдындағы және экспорттық саудалық қаржыландыру тетіктерін қолдану күшейтілетін болады. Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің сыйымдылығын қосымша капиталдандыру арқылы кеңейту жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етеді және экспорттаушыларға халықаралық тендерлерге белсенді қатысуға, келісімшарттар бойынша тәуекелдерді азайтуға және экспорттық мәмілелерді жасасу кезеңінде қолдау алуға мүмкіндік береді. Шетелдік банктер арқылы саудалық қаржыландыру өткізу нарықтарын кеңейте отырып, шетелдік сатып алушылар үшін неғұрлым тартымды жағдайлар жасайды.

Экспорт алдындағы қаржыландыруға – дебиторлық берешекті сақтандыру тетігімен жеңілдікті шарттарда айналым қаражатын беруге ерекше назар аударылатын болады. QazTrade перспективалы жобаларды іріктеуден ақпараттық-талдамалық қолдауға дейін институционалдық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін болады. Сондай-ақ маркетингке, сертификаттауға, көрмелерге қатысуға және логистикаға арналған шығындарды субсидиялауды қоса алғанда, экспортты ілгерілетуді қайтарымды қолдаудың кешенді моделі көзделген.

3-бағыт. Тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты қорғау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру

Тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты қорғау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру – әділ және ашық сауда ортасын қалыптастырудың негізгі шарттары. Негізгі бағыттар тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуді, тиімді нормалау және бақылау арқылы өнімнің қауіпсіздігін арттыруды, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартуға арналған тетіктерді енгізуді қамтиды. Реттеудің, мониторингтеу мен сертификаттаудың пәрменді құралдарын жасау азаматтардың сауда жүйесіне сенімін қамтамасыз етеді, адал бәсекелестікті дамытуды ынталандырады және тұтынушылық жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін арттырады.

1-мақсат. Тұтынушылар құқықтары қорғалуының қанағаттанушылық деңгейін арттыру

1-міндет. Тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғауға бағытталған Заңды қабылдау

Тұтынушылар құқықтарының қорғалу деңгейіне қанағаттанушылықты арттыру үшін заңнамаға тұтынушылардың құқықтарын кешенді қорғауды қамтамасыз ететін, электрондық сауда саласын қоса алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың нақты тетіктерін белгілейтін өзгерістер енгізілетін болады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қоғамдық институттарының рөлі, оның ішінде осы салада Омбудсмен институтын енгізу арқылы артатын болады, ол тағайындалған адамның ерекше жария мәртебесін береді, қоғамның үйлестірушісі болып қызмет етіп, мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады.

Сондай-ақ бұзушылықтарды өз бетінше жоюға және оларға жол бермеуге уәждей отырып, бизнестің бұзушылықтар үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталған нормалар (кәсіпкердің азаматтық құқықтық жауапкершілігін айыппұл түрінде енгізу (талап қою сомасының 10 %-ынан 50 %-ына дейін) қабылданады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың базалық қағидалары экономиканың барлық саласына таратылатын болады, бұл жан-жақты қорғауды қамтамасыз етеді және тұтынушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тиімді құралдарын жасайды.

2-міндет. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жетілдіру

Тұтынушылардың құқықтарын тиімді қорғауды және сауданы дамытуды қамтамасыз ету үшін жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, тұтынушылардың жолданымдарын беру және өңдеу жөніндегі цифрлық платформа құрылатын болады.

Жүйе азаматтардың бизнес өкілдеріне, тұтынушылық дауларды сотқа дейін реттеу субъектілеріне, қоғамдық бірлестіктерге, қауымдастықтарға және мемлекеттік органдарға жылдам және ыңғайлы қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ЖИ жүйесі азаматтарға олардың құқықтары бойынша консультация береді, шағымдарды автоматты түрде өндеуді қамтамасыз етеді және оларды шешу жолдарын ұсынады, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығындағы жүйелі бұзушылықтарды анықтайды, бұл тұтынушылар мен бизнеске тауардың кемшіліктері мен сапасы туралы ақпаратты жедел алуға, туындаған дауларды шешуге, бизнес пен мемлекеттік органдарға тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы жүйелі проблемаларды анықтауға және шешуге мүмкіндік береді.

3-міндет. Қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыру. "Сапалы өнім" әлеуметтік жобасын іске асыру

"Сапалы өнім" жобасын іске асыруға тұтынушыларды қорғау жөніндегі үкіметтік емес сектор, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, кәсіпкерлер қоғамдастығының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды болдырмау, сондай-ақ адал бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі өкілдері тартылатын болады.

Жобаны іске асыру нарықта жосықсыз өндірушілерді анықтауға және сапа стандарттарын арттыруға бағытталған қоғамдық бақылауды тәуелсіз тексеру, зертханалық зерттеу және қоғамдық талқылау арқылы жүзеге асырылады.

Халықтың тұтынушылық сауаттылығын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау нәтижелерін кеңінен жариялау, ақпараттық науқандар, вебинарлар мен консультациялар өткізілетін болады.

Өткізілетін іс-шаралар азаматтарға өз құқықтары мен оларды қорғау тетіктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ бизнестің тұтынушылар алдындағы жауапкершілік деңгейін арттырады.

2-мақсат. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету

Техникалық реттеу жүйесі өнім сапасын, тұтынушылардың қауіпсіздігін және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде түйінді рөл атқарады. Жаһандық сауда жағдайында стандарттар мен сертификаттау ішкі бақылау құралдарына ғана емес, сондай-ақ өнімнің халықаралық нарықтарға қол жеткізуінің аса маңызды факторына айналады.

Қазақстан ұлттық нормативтерді халықаралық талаптарға сәйкестендіруге ұмтыла отырып, сәйкестікті бағалау, стандарттау, метрологиялық бақылау жүйесін белсенді дамытуда. Алайда одан әрі дамыту үшін стандарттарды енгізу мониторингінің тетіктерін жетілдіру, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік база мен халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажет. Техникалық регламенттерді қабылдау, сондай-ақ қабылданған техникалық регламенттерді жетілдіру немесе оларға өзгерістер енгізу шығарылатын және өткізілетін өнімнің қауіпсіздік деңгейін арттыруға

мүмкіндік береді. Бұл қадамдар нарықтың ашықтығын арттыруға, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға және отандық өнімдердің шетелдік нарықтарға шығуын оңайлатуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

1-міндет. Стандарттау жүйесін жетілдіру

Ұлттық стандарттарды әзірлеу процесін цифрландыру оларды әзірлеу, келісу және енгізу тәсілін өзгертеді, олардың бейімделу процесін жеделдетеді, бизнес пен мемлекеттік органдар үшін ашықтықты, қолайлылық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Ол үшін "Е-ТРМК" ақпараттық жүйесінің базасында "Е-Стандарттау" онлайн платформасы құрылады.

Әзірлеу процестерінің бірі ретінде ұлттық стандарттарды міндетті түрде енгізу тетігі экономиканың әлеуметтік маңызы бар салаларына, оның ішінде денсаулық сақтауға, ауыл шаруашылығына, білім беруге, автомобиль жолдарының, қоғамдық және жолаушылар көлігінің және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының қауіпсіздігіне және өмірдің басқа да салаларына елеулі әсер етеді. Нәтижесінде ұсынылатын қызметтер мен өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі деңгейінің едәуір өсуі күтілуде, бұл азаматтардың әл-ауқатына және экономиканың орнықты дамуына тікелей әсер етеді.

2-міндет. Электрондық сауда кезінде техникалық реттеу талаптарының сақталуын заңнамалық регламенттеу

Электрондық сауда көлемінің өсуімен, әсіресе міндетті сертификаттауға жататын тауарларға қатысты белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді тарату тәуекелі артады. Осыған байланысты сатушылар мен электрондық алаңдар операторларының белгіленген талаптарға (сертификаттар, декларациялар және сәйкестікті бағалаудың өзге де нысандары) сәйкес келетіні расталған өнімдерді ғана орналастыру және өткізу жөніндегі тікелей міндеті енгізілетін болады.

Бұдан басқа, сәйкестік туралы құжаттардың жарамдылығын тексеру, сондай-ақ электрондық сауда платформаларын техникалық реттеудің ақпараттық жүйесімен интеграциялау, сертификатталмаған немесе қауіпті өнімдерді өткізуге жол беретін сатушылар мен алаңдарға қатысты санкцияларды қоса алғанда, талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілік шараларын белгілеу тетіктері көзделетін болады.

Бұл тұтынушыларды жүйелі қорғау, электрондық сауда нарығында тауарлардың сапасын арттыру және цифрлық саудада ұлттық реттеуді халықаралық талаптармен үйлестіру үшін жағдай жасайды.

3-міндет. Экономиканың экспортқа бағдарлануы мен даму басымдықтарын ескере отырып, аккредиттеу мен сәйкестікті бағалаудың жаңа схемаларын енгізу

Қазақстанның халықаралық саудаға интеграциялануының өсуі жағдайында ұлттық сертификаттар мен сәйкестікті бағалау нәтижелерін шетелде тану ерекше маңызға ие болады. Ол үшін жоғары экспорттық әлеуеті бар салалардың ерекшеліктерін ескеретін икемді және экспортқа бағдарланған сертификаттау схемаларын әзірлеу қажет.

Қазақстандық өнімге деген сенімді арттыру, сыртқы нарықтарға шығуды оңайлату мақсатында индустриялық және инновациялық даму басымдықтарын ескере отырып, сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханалары аккредиттелетін болады, оның ішінде олардың өнімді нысаналы экспорттық нарықтардың талаптарына сәйкестігіне бағалау жөніндегі құзыреттері кеңейтілетін болады.

4-міндет. APAC MRA-ны өзара тану туралы келісім шеңберінде аккредиттеу саласындағы кеңейту

APAC MRA-ға қатысуды кеңейту қазақстандық сертификаттау органдарын, зертханаларды және инспекциялық органдарды шетелде қайта бағалаудан немесе сертификаттаудан өту қажеттігінсіз келісімге қатысушы елдердің аккредиттеу нәтижелерін одан әрі тануы үшін негіз қалауға мүмкіндік береді. Бұл өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне едәуір талаптар қолданылатын Азия-Тынық мұхиты өңірінің нарықтарына шығуға ұмтылатын экспорттаушылар үшін ерекше маңызды.

Осы міндет шеңберінде Ұлттық аккредиттеу орталығының тану аясын кеңейтуге техникалық және институционалдық даярлығын жүргізу көзделеді: рәсімдерді өзектілендіру, ISO/IEC 17011 халықаралық стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету, аудиторлардың біліктілігін арттыру, цифрлық инфрақұрылымды жаңғырту және халықаралық бағалау миссияларынан өту.

Бұдан басқа, APAC-пен белсенді өзара іс-қимылды жолға қою, сондай-ақ сәйкестікті бағалау жөніндегі мүдделі органдарды дайындық процесіне тарту маңызды. APAC MRA шеңберінде тануды кеңейту экономиканың экспортқа бағдарланған салаларын дамыту үшін қосымша ынталандырулар жасайды және Қазақстанның жаһандық техникалық реттеу жүйесіндегі позициясын нығайтады.

5-міндет. Техникалық реттеу, аккредиттеу, сәйкестікті бағалау процестерін цифрландыру және оңтайландыру – ақпарат пен көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру

Бүгінгі күні техникалық реттеудің түйінді компоненттерін: стандарттар мен техникалық регламенттер тізілімін, аккредиттелген органдар мен зертханалардың дерекқорын, аккредиттеуге және сертификаттауға өтінімдерді электрондық беру және қадағалау жүйесін, сондай-ақ құжаттарды автоматты түрде верификациялауға арналған модульді біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа енгізілді.

Цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру мақсатында платформаны басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялау жүргізіледі, сондай-ақ бизнестің мемлекетпен цифрлық өзара іс-қимылы үшін интерфейстер жасалады. Маңызды элемент сәйкестікті бағалау нәтижелері мен қолданыстағы сертификаттар туралы негізгі ақпаратқа ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету болады, бұл тұтынушылар мен сыртқы сауда әріптестері тарапынан сенімді күшейтеді.

Техникалық реттеудің цифрлық инфрақұрылымын жаңғырту мемлекеттің тәуекелдерді басқару және салаларды дамыту басымдықтары бойынша талдамалық

мүмкіндіктерін арттырады, бизнес шығындарын азайтуға, рәсімдерді жеделдетуге және анағұрлым ашық, клиентке бағдарланған техникалық реттеу жүйесін құруға алып келеді.

6-міндет. Қауіпсіз емес өнімнің айналымға шығарылуын анықтау және оның жолын кесу

Өнімдердің қауіпсіздігі мәселелері бірінші кезекте қала береді. Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің таралуына алып қою және тыйым салу түрінде жол бермеу үшін уақтылы жедел ден қою арқылы мемлекеттік бақылау құралдарымен айналымға шығару тәуекелін барынша азайту қажет. Сондай-ақ кәсіпорындарды "қашықтан бақылау" қағидаты негізінде бақылаудың жаңа түрлері енгізілетін болады. Бақылаушы органдарға тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде кәсіпорындарды алдын ала "диагностикалау" мүмкіндігі берілетін болады.

Мониторинг (камералдық бақылау) бақылау субъектілерінің қызметіне мемлекеттің артық араласуынсыз, бұл ретте сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмай, заңнама талаптарын бұзушылықтарды анықтау мақсатында ақпараттық жүйелер арқылы бақылау субъектілерінің қызметі туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жүргізуге мүмкіндік береді.

Сәйкес келмейтін өнімнің көлемін, тарату көздерін және өткізу орындарын айқындау үшін "тергеп-тексеруді" енгізу өте қысқа мерзімде салдарды барынша азайтуға және бизнес субъектілері мен тұтынушылардың құқықтарын қалпына келтіруге ден қоюға мүмкіндік береді.

Техникалық реттеу және метрология саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіру, бақылаудың жаңа тетіктерін енгізу және субъектілер мен аккредиттеу жөніндегі орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету бизнесті жүргізу үшін тәуекелдерді төмендетуге және ішкі нарықта өткізілетін өнімнің қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ тұтынушыларды өлшемдердің анық емес нәтижелерінен қорғау мақсатында "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Заңға сәйкес сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өлшенген тауарлар мен өнімдердің санына қатысты талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік енгізілетін болады.

7-міндет. Метрологиялық инфрақұрылымды дамыту

Метрология жүйесін жетілдіру – халықаралық нарықтарда қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы. Негізгі мақсаттар өлшемдердің дәлдігі мен сенімділігін арттыру, саудадағы техникалық кедергілерді жою, халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету және тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады. Бұл шаралар инновацияларды дамытуға және елдің жаһандық экономикадағы позициясын нығайтуға да ықпал ететін болады.

Халықаралық стандарттарды міндетті түрде сақтауды, тәуелсіз аудитті енгізуді және мамандарды аттестаттауды тұрақты жүргізуді қоса алғанда, тексеру зертханаларына қойылатын талаптарды арттыру Қазақстанның метрология саласындағы позициясын нығайтады. Мемлекет тексеру зертханаларының қызметін бақылауды күшейтеді, жалған тексеруді және "сұр" схемаларды болдырмайды. Буып-түйілген тауарлардың мәлімделген параметрлерге сәйкестігі қосымша қамтамасыз етіледі.

Өлшем құралдарының бірыңғай тізбесін қалыптастыру өлшеу рәсімдерінің тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл қайталауды және өлшеу әдістеріндегі сәйкессіздіктерді жоюға мүмкіндік береді, өнімнің сәйкестігін сертификаттау және растау процестерін жеделдетеді.

Өлшемдердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін жаңа метрологиялық орталық құрылады, эталондар жаңартылып, зертханалар жаңғыртылады. Бұл шаралар тексеру және сынау процестерін жеделдетеді, шетелдік зертханаларға тәуелділікті қысқартады және ұлттық метрологиялық жүйеге халықаралық сенімді нығайтады.

Халықаралық заңдық метрология ұйымына интеграциялану үшін өлшем құралдарын сертификаттаудың халықаралық жүйесіне кіру бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Бұл қазақстандық кәсіпорындарға метрологиялық сынақтардың нәтижелерін шетелде тануға мүмкіндік береді және өнімнің халықаралық нарықтарға қолжетімділігін жеңілдетеді.

Сыртқы нарықтарда отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Қазақстанның өлшеу мүмкіндіктерін халықаралық тануды кеңейту жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады. Өлшем нәтижелерін өзара тану жөніндегі жобаларға белсенді қатысу, сондай-ақ стандарттау және метрология жөніндегі халықаралық ұйымдармен әріптестік қатынастарды нығайту жоспарлануда.

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы іске асырудың тиімділігі мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады:

1) көтерме және бөлшек сауданың нақты көлем индексі; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, өткен жылға қарағанда %-бен: 2025 жыл – 107 %, 2026 жыл – 108,7 %, 2027 жыл – 109,5 %, 2028 жыл – 109,8 %, 2029 жыл – 110 %, 2030 жыл – 110,2 %;

2) көтерме және бөлшек саудадағы еңбек өнімділігінің жинақталған өсу индексі; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу: 2025 жыл – 121,9 %, 2026 жыл – 131 %, 2027 жыл – 141,8 %, 2028 жыл – 153,9 %, 2029 жыл – 167,2 %, 2030 жыл – 171 %;

3) негізгі капиталға инвестициялар: 2025 жыл – 1220 млрд теңге, 2026 жыл – 1485 млрд теңге, 2027 жыл – 1885 млрд теңге, 2028 жыл – 2325,4 млрд теңге, 2029 жыл – 2864,6 млрд теңге, 2030 жыл – 2700 млрд теңге;

Нысаналы 1-индикатор. Көтерме және бөлшек сауданың нақты көлем индексі; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, өткен жылға қарағанда %-бен: 2025 жыл – 107 %, 2026 жыл – 108,7 %, 2027 жыл – 109,5 %, 2028 жыл – 109,8 %, 2029 жыл – 110 %, 2030 жыл – 110,2 %

Нысаналы 2-индикатор. Көтерме және бөлшек саудадағы еңбек өнімділігінің жинақталған өсу индексі; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу, 2025 жыл – 121,9 %, 2026 жыл – 131 %, 2027 жыл – 141,8 %, 2028 жыл – 153,9 %, 2029 жыл – 167,2 %, 2030 жыл – 171 %

Нысаналы 3-индикатор. Негізгі капиталға инвестициялар: 2025 жыл – 1220 млрд теңге, 2026 жыл – 1485 млрд теңге, 2027 жыл – 1885 млрд теңге, 2028 жыл – 2325,4 млрд теңге, 2029 жыл – 2864,6 млрд теңге, 2030 жыл – 2 700 млрд теңге

Нысаналы 4-индикатор. Көтерме және бөлшек саудадағы бақыланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі ; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу: 2025 жыл – 3,02 %, 2026 жыл – 2,92 %, 2027 жыл – 2,82 %, 2028 жыл – 2,78 %, 2029 жыл – 2,62 %, 2030 – 2,42 %

1.	Тауарлар каталогының бірыңғай форматын енгізу	ұлттық тауарлардың каталогты іске қосу	2026 жыл	СИМ	-	-
2.	Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ақпараттық жүйені ендіру	орындалған жұмыстар актісі	2029 – 2030 жылдар	СИМ	754,6	РБ
3.	Техникалық реттеудің ақпараттық жүйесін "Кеден" ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз ету	" Smart Bridge порталы арқылы интеграциялау	2025 жыл	СИМ, Қаржымині	-	-
4.	Міндетті таңбалануға және қадағалануға жататын тауарларға арналған тауарларды сәйкестендіру белгілерінің кодтарынсыз өткізгені үшін әкімшілік жауапкершілікті белгілеу	"Сауда қызметін реттеу туралы" Заңға өзгерістер енгізу	2026 жыл	СИМ	-	-

5.	Сынақ жүргізу үшін "Зертханалық базаны іріктеу бойынша виртуалды көмекші" ЖИ енгізу	зертханалық базаны таңдау кезінде жасанды интеллект қолдану	2026 жыл	СИМ	-	-
Нысаналы 5-индикатор. Стандартталған тауарлардың биржалық саудасы үлесінің өсуі (2023 жылғы деңгейден): 2025 жыл – 10 %, 2026 жыл – 20 %, 2027 жыл – 21 %, 2028 жыл – 23 %, 2029 жыл – 25 %, 2030 жыл – 27 %						
6.	Тауар биржасы арқылы міндетті түрде өткізуге жататын тауарлардың (мұнай өнімдері, цемент, бидай, қант, ұн, картоп, арпа) ең аз үлесі мен көлемін ұлғайтуды қоса алғанда, биржалық тауарлардың (құрылыс материалдары, АӨК тауарлары) тізбесін кеңейту	СИМ-нің "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығы	2025 жыл	СИМ, АШМ, ҰЭМ, ӨҚМ, ЭМ, БҚДА (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
Нысаналы 6-индикатор. Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі: 2025 жыл – 15 %, 2026 жыл – 15,5 %, 2027 жыл – 16 %, 2028 жыл – 17 %, 2029 жыл – 18,5 %, 2030 жыл – 20 %						
7.	Электрондық сауданың экожүйесіне зерттеу жүргізу	Үкімет Аппаратына ақпарат	2029 – 2030 жылдар	СИМ, мүдделі мемлекеттік органдар	204,0	РБ
8.	Электрондық сауданы дамытудың институционалдық тетіктерін ендіру	Нормативтік құқықтық актілеріне қабылдау	2027 жыл	СИМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Qaztrade (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
	Электрондық сауданың инфрақұрылы					

9.	мын дамыту (фулфилмент орталықтары, кеден қоймалары, тауарларды беру/ қабылдау пункттері)	Үкімет Аппаратына ақпарат	2025 – 2030 жылдар	СИМ, КМ, ҰЭМ, Қаржымині, ЖАО	талап етілмейді	ЖИ
Нысаналы 7-индикатор. Сауданың заманауи форматтары үлесінің өсуі: 2025 жыл – 44 %, 2026 жыл – 51 %, 2027 жыл – 56 %, 2028 жыл – 64 %, 2029 жыл – 70 %, 2030 жыл – 72 %						
10.	Сауда базарларын жаңғырту	Үкімет Аппаратына ақпарат	2025 жыл	СИМ, ЖАО	40 000,0	ЖИ
11.	Сауданың заманауи форматтарын салуға және кеңейтуге арналған кредиттердің пайыздық мөлшерлемесі н субсидиялау және оларға кепілдік беру	шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету	2025 – 2030 жылдар	СИМ, ЖАО, "Даму" қоры" АҚ (келісу бойынша)	15 270,1	РБ
12.	Франшизалар секторында ШОБ өкілдерін шоғырландыру тетігін айқындау	Нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу	2027 жыл	СИМ, ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
13.	Ақмола облысының Бұланды ауданында мал шаруашылығы консорциумы мен Астана қаласының сауда объектілері кооперациясының пилоттық жобасын іске асыру	пилоттық жобаларды іске қосу	2026 – 2028 жылдар	СИМ, "ҚазСтандарт" РМҚ, "QazTrade" АҚ (келісу бойынша)	4 490,0	ЖИ
	Ауыл шаруашылығы тауарын					

14.	өндірушілер, бөлшек сауда және логистикалық компаниялар кооперациясы ның инфрақұрылы мын қалыптастыру	пилоттық жобаларды іске асыру	2026 – 2028 жылдар	СИМ, "QazTrade" АҚ" (келісу бойынша)	235,0	ЖИ
II бағыт. Отандық өндірістің өсуі және экспортты ілгерілету үшін жағдайлар жасау						
Нысаналы 8-индикатор: Шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының көлемі: 2025 жыл – 41 млрд АҚШ доллары, 2026 жыл – 42,3 млрд АҚШ доллары, 2027 жыл – 43,8 млрд АҚШ доллары, 2028 жыл – 46,6 млрд АҚШ доллары, 2029 жыл – 49,4 млрд АҚШ доллары, 2030 жыл – 52 млрд АҚШ доллары						
15.	Сауда шараларын енгізу	Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімі	2025 – 2030 жылдар	СИМ, ӨҚМ, Қаржымині, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	-
16.	Тарифтік емес шараларды (т ыйым салуларды/ сандық шектеулерді (к воталарды) енгізу	мемлекеттік органдардың бұйрықтарды (к ұзыреті бойынша)	2025 – 2030 жылдар	СИМ, ӨҚМ, АШМ, ДСМ, ЭМ, ІМ, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	-
17.	Кедендік-тари фтік реттеу шараларын енгізу	Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімі	2025 – 2030 жылдар	СИМ, ЖИЦДМ, ӨҚМ, КМ, АШМ, ЭМ, Қаржымині, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	-
	Экспорттауш ыларды әкімшілік	мәселені жедел штаб		СИМ, Қаржымині, ЖАО, " Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), QazTrade (к елісу	талап	

18.	жүктемені азайту мәселелерінде сүйемелдеу	отырысында қарау	2026 – 2030 жылдар	бойынша), салалық қауымдастықтар (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	етілмейді	-
19.	Экспорт жөніндегі жедел штабтың үйлестіруші рөлін күшейту	жедел штабтың хаттамасы	2026 жыл	СИМ, ӨҚМ, АШМ, ЭМ, СИМ, ДСМ, ҒЖБМ, МАМ, ТСМ, ЖИЦДМ, ЭМ, МТ, QazTrade (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
20.	Экспорттық акселерация бағдарламасы шеңберінде жаңа экспорттаушыларды іске қосу	белсенді экспорттаушылар санын 1400-ге дейін ұлғайту (өсу қорытындысы мен)	2025 – 2030 жылдар	СИМ, QazTrade (келісу бойынша)	4 105,1	РБ
21.	Сауда-экономикалық миссияларды ұйымдастыру және өткізу	жыл сайын 250 млн АҚШ долларына жасалған келісімшарттар	2025 – 2030 жылдар	СИМ, QazTrade (келісу бойынша)	2 394,9	РБ
22.	Экспорттаушылардың Шанхай қаласында (ҚХР) халықаралық көрмеге қатысуын ұйымдастыру	ынтымақтастық туралы қол қойылған келісімдер	2025 – 2030 жылдар	СИМ, QazTrade (келісу бойынша)	3 620,3	РБ
23.	Субъектілердің шығындарын өтеу арқылы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру	экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау көрсету	2025 – 2030 жылдар	СИМ, Қаржымині, ҰЭМ, QazTrade (келісу бойынша)	44 636,5	РБ
				СИМ, СИМ, АШМ, ӨҚМ,		

24.	Еркін сауда туралы келісімдерді жасасу және ратификациялау	халықаралық шарт/ратификациялау туралы заң	2025 – 2030 жылдар	ЭМ, ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ, ҰКП Атамекен (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	-
III бағыт. Тұтынушылардың құқықтарын жан-жақты қорғау, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру						
Нысаналы 9-индикатор. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділік деңгейі: 2025 жыл – 74,7 %, 2026 жыл – 75,9 %, 2027 жыл – 77,1 %, 2028 жыл – 78,3 %, 2029 жыл – 79,5 %, 2030 жыл – 80,7 %						
25.	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында жаңа реттеушілік шаралар енгізу: тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі омбудсмен институты; тұтынушылардың шағымдарын беру және қарау рәсімдерін оңтайландыру	жаңа редакцияғы "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	2026 – 2027 жылдар	СИМ	талап етілмейді	-
26.	Тұтынушылардың құқықтары мәселелері бойынша әлеуметтанушылық және талдамалық зерттеулер жүргізу	мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру	2025 – 2030 жылдар	СИМ, мемлекеттік сатып алу нәтижелері жөніндегі үкіметтік емес ұйым (келісу бойынша)	43,2	РБ
	Ішкі нарықты және тұтынушылардың контрафактілік және қауіпті	жүргізілетін қоғамдық бақылау		СИМ, ТҚҚ саласындағы		

27.	өнімдерден қорғауға бағытталған "Сапалы өнім" әлеуметтік жобасын іске асыру	нәтижелері туралы халықты жыл сайын хабардар ету	2025 – 2030 жылдар	қоғамдық ұйымдар (келісу бойынша)	талап етілмейді	—
Нысаналы 10-индикатор. Қазақстан Республикасы эталондарының халықаралық танылған өлшеу мүмкіндіктерінің өсу қарқыны (2023 жылғы деңгейге қарағанда): 2025 жыл – 3,4 %, 2026 жыл – 5,9 %, 2027 жыл – 7,6 %, 2028 жыл – 10,2 %, 2029 жыл – 12,8 %, 2030 жыл – 14,5 %						
28.	Техникалық регламенттерді қабылдау немесе оларға өзгерістер енгізу арқылы өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ОТӨ-ні қорғау	бекітілген техникалық регламенттер (өзгерістер енгізу)	2025 – 2030 жылдар	СИМ, АШМ, ӨҚМ, ДСМ, ТЖМ, Еңбекмині, КМ, ПМ	талап етілмейді	-
29.	Сауда инфрақұрылымына қойылатын заманауи талаптарды көздейтін жаңа ұлттық стандарттарды енгізу	бекітілген ұлттық стандарттар	2026 – 2030 жылдар	СИМ	332,1	РБ
30.	Қазақстанның экспорттық әлеуетін нығайту үшін халықаралық стандарттарды үндестіру	бекітілген ұлттық стандарттар	2026 – 2030 жылдар	СИМ, мүдделі субъектілер және мемлекеттік органдар	332,1	РБ
31.	Бақылаушы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру арқылы ішкі нарықты қауіпті импорттық өнімдерден қорғау	ахуалдық штаб отырыстарының хаттамалары	2025 – 2030 жылдар	СИМ, ДСМ, АШМ, Қаржымині, ӨҚМ, ЭТРМ, ПМ, ТЖМ, КМ, ЖАО, "ҚазСтандарт" РМК (келісу бойынша)	талап етілмейді	-

32.	Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру арқылы ішкі нарықта сауда жасау кезінде өнімдердің тұтынушылар үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту	"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңға өзгерістер енгізу	2027 – 2030 жылдар	СИМ, ДСМ, АШМ, Қаржымині, ӨҚМ, ЭТРМ, ИМ, ТЖМ, КМ, ЖАО, "ҚазСтандарт" РМК (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
33.	Аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы жалпы өлшемшарттар мен қағидаларды белгілейтін мамандандырылған халықаралық ұйымдардың құжаттарын қолдануды ендіру	жаңа аккредиттеу субъектілерін аккредиттеу / қолданыстағыларын аккредиттеу саласын кеңейту	2025 – 2027 жылдар	СИМ, "Ұлттық аккредиттеу орталығы" РМК (келісу бойынша)	222,9	РБ
34.	АРАС МРА-ны өзара тану туралы келісім шеңберінде аккредиттеу жөніндегі органның тану саласын кеңейту	аккредиттеу жөніндегі орган мен халықаралық аккредиттеу ұйымы арасында қол қойылған келісім	2026 – 2029 жылдар	СИМ, "Ұлттық аккредиттеу орталығы" РМК (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
35.	Қазақстанның Халықаралық заңдық метрология ұйымының өлшем құралдарын сертификаттаудың халықаралық	Үкімет Аппаратына есеп	2026 – 2030 жылдар	СИМ, "ҚазСтандарт" РМК (келісу бойынша)	талап	-

	жүйесіне кіруін ұйымдастыру				етілмейді	
36.	Қазақстанның метрологияда ғ ы ынтымақтаст ығын дамыту және ұлттық жүйенің беделін нығайту (БелММИ, Қытайдың, Ресей Федерациясы н ы ң , Өзбекстанның , Әзербайжанн ың ҰМИ)	ынтымақтаст ық туралы меморандумд ар мен келісімдер жасасу	2025 – 2030 жылдар	СИМ, "КазСтандарт" РМК (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
37.	Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ж а ң а эталондық орталық салу мәселесін пысықтау	техникалық-э кономикалық ж ә н е қаржы-эконо микалық негіздемені әзірлеу	2026 – 2028 жылдар	СИМ, Қаржымині, ҰЭМ, "КазСтандарт" РМК (келісу бойынша), Астана қаласының әкімдігі	300,0	бюджеттен тыс қаражат

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

АТМЭӘК – Азия мен Тынық мұхитқа арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия;

БҚДА – Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"Бәйтерек" ҰБХ" АҚ – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

БҰҰ ЕЭК – Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

"Даму" КДҚ" АҚ – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

ЖИЦДМ – Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ИА – индустриялық аймақ;

КМ – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;

"ҚТЖ" АҚ – "Қазақстан темір жолы" акционерлік қоғамы;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
"ҚазСтандарт" РМК – "ҚазСтандарт" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
МКК – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;
МО – мемлекеттік органдар;
ОМО – орталық мемлекеттік органдар;
ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;
СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;
СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;
ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;
"ҰАТ" АҚ – "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы;
ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;
ХЗМУ – Халықаралық заңдық метрология ұйымы;
ШОБ – шағын және орта бизнес;
ІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;
Astana Hub – "Astana Hub" халықаралық IT-стартаптар технопаркі" корпоративтік қоры;
СМС – калибрлеу және өлшеу мүмкіндіктері;
Halyk – "Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы;
"Kazakh Export" АҚ – "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы;
Kaspi АҚ – "Kaspi Bank" акционерлік қоғамы;
КСДВ ВІРМ – Халықаралық өлшем және салмақ бюросының түйінді салғастыру дерекқоры;
"QazExportPromotion" ҚҚ – "QazExportPromotion" корпоративтік қоры;
QazTrade – "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы;
QazExpo Congress – "QazExpo Congress" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы.